Jaqsynyń aty ólmeıdi, álimniń haty ólmeıdi

# BUQAR JYRAÝ JARSHYSY

№38
(1279)

Buqar jyraý aýdandyq aptalyq gazeti Еженедельная газета Бухар-Жырауского района
Gazet 1939 jyldyń 12 sáýirinen bastap shyǵady Газета издается с 12 апреля 1939 года

6 qazan 2018 jyl
6 октября 2018 года

## Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: Табыс пен тұрмыс сапасын арттыру

***5 қазан күні Мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаев «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: Табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты Қазақстан халқына дәстүрлі Жолдауын арнады.***

Елбасы «Біз тәуелсіздік жылдары көп жұмыс атқардық. Экономикасы қарқынды дамып келе жатқан заманауи прогрессивті мемлекет құрып, бейбітшілік пен қоғамдық келісімді қамтамасыз еттік. Бұл біздің үлкен байлығымыз. Сапалы әрі тарихи маңызы зор құрылымдық конституциялық және саяси реформалар жүргіздік. Қазақстанның халықаралық беделінің артуына, оның өңірдегі геосаяси рөлін жоғарылату үшін көп жұмыс істедік» деп бастаған Жолдауында ең аз жалақы мөлшерін 28 мыңнан 42 мыңға ұлғайту, білім, ғылым, медицинаға ЖІӨ-нің 10 пайызын жұмсауға тапсырма берді. Сонымен қатар Президент мектеп, балабақша салу мәселесін, білім беру саласын оңтайландыру, тұрғын үй ипотекасы, ұлт саулығы сияқты келелі мәселелерді қозғады.

Еліміз үшін өте маңызды деген тақырыптарға тоқталған Елбасы келесі жылды «Жастар жылы» деп жариялауды ұсынды. Толығырақ газетіміздің келесі санында оқи аласыздар.

**БАҚ материалдарынан**

## Құрметті ұстаздар, педагогикалық еңбек ардагерлері, білім саласының қызметкерлері!

**Сіздерді кәсіби мерекелеріңізбен шын жүректен құттықтаймыз!**

**Жыл сайын өз Жолдауында Президент Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев білім беру мен тәрбиелеуді дамыту мәселелерін мемлекеттік саясаттың басымдығы етіп қояды.**

**Бүгінгі таңда мұғалімдер мен оқытушыларға үлкен жауапкершілік жүктеледі. Сіздер өскелең ұрпаққа білім беріп, оларға мәдени және адамгершілік құндылықтарын сіңіріп, азаматтық пен патриотизм рухында тәрбиелейсіздер.**

**Ерекше алғыс пен ризашылыққа білім беру саласының ардагерлері лайық. Сіздер көп жылдық адал еңбектеріңізбен ауданымыздың білім беру саласын дамытуға үлкен үлес қостыңыздар.**

**Бүгінгі шырайлы мереке күні баршаңызға зор денсаулық, отбасыларыңызға береке, еңбектеріңізге табыс және сәттілік тілейміз!**

**Ш.МАМАЛИНОВ, аудан әкімі** | **А.ӘЛИ, мәслихат хатшысы**

## Уважаемые педагоги, ветераны педагогического труда, работники образования!

**Поздравляем вас с профессиональным праздником – Днем учителя!**

**Ежегодно в своем Послании Президент Нурсултан Абишевич Назарбаев ставит вопросы развития образования и воспитания приоритетом государственной политики.**

**На учителей и преподавателей сегодня возлагается большая ответственность. Именно вы вкладываете знания в подрастающее поколение, прививаете им культурные и нравственные ценности, воспитываете в духе гражданства и патриотизма.**

**Особых слов благодарности и признательности заслуживают наши ветераны. Своим многолетним и добросовестным трудом вы внесли большой вклад в развитие отрасли образования нашего района.**

**В этот праздничный день примите искренние пожелания крепкого здоровья, семейного благополучия, успехов и удачи в вашем труде!**

**Ш.МАМАЛИНОВ, аким района** | **А.ӘЛИ, секретарь маслихата**

## Встречаем День учителя

***4 октября в Доме культуры п.Ботакара состоялось торжественное собрание, посвященное Дню учителя.***

***Праздник начался нетрадиционно – с танца. Яркий, динамичный казахский танец исполнили участники хореографического ансамбля «Шұғыла».***




Ансамбль создан при школе искусств поселка Ботакара, руководит коллективом Эльмира Кыстаубаева.

Ансамбль исполнил перед участниками торжественного собрания несколько номеров, они были отмечены дружными аплодисментами зрителей. Эльмире Турлыбековне тоже аплодировал зал, когда на сцене ей вручали Благодарственное письмо областного департамента образования. Педагогов, отмеченных наградами разного уровня, в этот день было немало. Но об этом чуть позже.

На праздник приехали учителя, руководители школ района. Но всем приехать невозможно, поэтому были показаны слайды об учителях, украсивших свою профессию стремлением идти в ногу с жизнью, овладевших современными методиками, получивших не одну награду за достижения на профессиональной ниве.

(Окончание на 4 стр.)

## 2018 жылдың 4 тоқсанында Бұқар жырау аудандық мәслихаты хатшысының жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін қабылдау Кестесі

| Азаматтарды қабылдайтын тұлғаның А.Ж.Т. | Азаматтарды қабылдайтын тұлғаның лауазымы | Азаматтарды қабылдайтын жері және уақыты | Байланыс телефоны |
|---|---|---|---|
| Асхат Сағадиұлы Әли | мәслихат хатшысы | Ботақара кенті, Абылай хан көшесі 39, аудандық мәслихат, апта сайын жұма күні, сағ.14.30-ден 16.00-ге дейін. | 21408 |

Азаматтарды қабылдауды ұйымдастыруға жауапты – аудандық мәслихат аппаратының іс жүргізу жөніндегі бас маманы, алдын ала жазылу 8(72154)2-12-76 телефоны бойынша жасалады.

**Аудандық мәслихаттың аппараты**

## График личного приема физических лиц и представителей юридических лиц секретарем Бухар-Жырауского районного маслихата на 4 квартал 2018 года

| Ф.И.О. лица, проводящего прием граждан | Должность лица, проводящего прием граждан | Место и время приема граждан | Контактный телефон |
|---|---|---|---|
| Әли Асхат Сағадиұлы | Секретарь маслихата | пос. Ботакара, ул.Абылайхана 39, районный маслихат, еженедельно в пятницу, с 14.30 до 16.00. | 2-14-08 |

Ответственный за организацию приёма граждан – главный специалист по делопроизводству аппарата районного маслихата, предварительная запись производится по телефону: (72154)2-12-76.

**Аппарат районного маслихата**

***Кадровое назначение***

## Назначен новый руководитель отдела ЖКХ, пассажирского транспорта и автомобильных дорог



***Решением конкурсной комиссии и распоряжением акима района Абдильдин Нурсултан Болатбекович назначен руководителем ГУ «Отдел жилищно-коммунального хозяйства, пассажирского транспорта и автомобильных дорог Бухар-Жырауского района».***

Н.Абдильдин родился 16 марта 1991 года в Каркаралинском районе. В 2013 году окончил Казахский национальный технический университет имени К.Сатбаева по специальности «транспорт, транспортная техника и технологии», а в 2017 году Карагандинский государственный университет имени Е.Букетова по специальности «юриспруденция».

Начинал трудовую деятельность и.о. ведущего специалиста ГУ «Аппарат акима Шидертинского сельского округа Осакаровского района». С 2015 года работал специалистом, главным специалистом в ГУ «Отдел ЖКХ, ПТ, АД и жилищной инспекции Осакаровского района».

Короткое время проработал специалистом ГУ «Аппарат акима Уштобинского сельского округа Бухар-Жырауского района». С июля по нынешнее время работал специалистом по трудовому договору в районном отделе ЖКХ, пассажирского транспорта и автомобильных дорог.

*Редакция қоржынынан*

# Тілім менің - тірлігімнің айғағы

***Тіл – қай елде, қай ұлтта болмасын әрқашан да қастерлі де құдіретті ұғым. Ол әрбір адамға ана сүтімен бірге дарып, қалыптасады. Тіл - әрбір елдің жаны мен жүрегі, ұлттық қазынасы, тарихы, байлығы, намысы мен ары.***

1998 жылы 20 қаңтарда еліміздің Президенті Жарлығымен 22 қыркүйек - Қазақстанда тұратын халықтардың «Тілдер мерекесі» деп жарияланып, өткен жылдан бері тіл мерекесі Алаштың айтулы азаматы Ахмет Байтұрсыновтың туған күніне сәйкес 5-қыркүйегіне сәйкестендіріліп қойылды. Міне, содан бері «Тілдер мерекесі» еліміздің барлық аймақтарында түрлі іс-шара ретінде өткізіліп, тойланып келеді.

Ана тілім,
Жүрегісің анамның.
Жүрек - ана,
Мен өзіңнен жаралдым.
Сағат сайын саулығыңды тілеймін,
Сенсіз мынау керегі не ғаламның!
Сенің әрбір тынысыңмен күн кешем,
Сен арқылы тіршілікпен тілдесем.
Ел бетіне қалай түзу қараймын,
Ана тілім,
Егер сені білмесем.
Сенің арқаң дүниеден сыр ұқсам,
Сенің арқаң жүзіп ішсем тұнықтан,-деп айтулы ақын Несіпбек Айтұлы жырлағандай, Қазақстан Республикасы халықтарының тілдері күніне орай Петровка орта мектебінде түрлі іс-шаралар өтті.

Жалпы өткізілген іс-шаралардың басты мақсаты - тіл – ұлттың мақтанышы, тірегі, жүрегі екендігіне кең түсінік бере отырып, оқушыларды елжандылыққа, туған тілін құрметтеуге, тілді ұлттық мұра ретінде қастерлеуге үйрету. Тәуелсіз елімізде өмір сүріп отырған түрлі ұлт өкілдері арасындағы достық пен бірлікті нығайту барысында мемлекеттік тілге құрмет сезімдерін қалыптастыру, үштілдік саясатын дамыту. Атап айтар болсақ, мектебіміздің кітапханашысы С.Байтасованың ұйымдастыруымен «Тілім менің – ғасырлардан аманат» тақырыбында кітаптар көрмесі, әрбір сыныптың сынып жетекшілері «Тіл мәртебесі – ел мәртебесі» тақырыбында сынып сағаттары, 2-6 сыныптар аралығында «Менің тілім – менің өмірім» тақырыбында суреттер көрмесі, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдері «Қызықты қазақ тілі әлемі», «Тіл - тірегіміз, соғып тұрған жүрегіміз», «Мәңгілік елімнің – мәңгілік тілі», «Тіл - менің тағдырым», «Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте!» тақырыптарында сайыс сабақтар, дөңгелек үстелдер, интеллектуалдық ойындар өткізілді. Бұл іс-шаралардың легі қазақ тілі пәнінің мұғалімі, осы жолдар авторының «Тілім менің – тірлігімнің айғағы» тақырыбында өткізген салтанатты жиынмен жалғасты.

Салтанатты жиын Әнұранмен ашылып, мектеп директоры Айнұр Жанғалованың құттықтау сөзімен жалғасын тапты. Салтанатты жиын үш тілде жүргізіліп, өткізілді. Мектеп оқушылары қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде өлең шумақтарын оқып, 7 «а» мен 5 «а» сыныбының оқушылары Серік Аружан мен Серік Ақеркенің әсем әні шырқалды. Мектеп оқушыларына Қазақстан Республикасы халықтарының тілдері күніне арнайы дайындалған бейнеролик көрсетілді.

Салтанатты жиын жүргізушілердің құттықтау сөзімен аяқталды. Міне, осылайша іс-шаралардың қорытындысы салтанатты жиынмен жабылды.

**И.МҰХАЖАНОВА,**
**Петровка орта мектебінің қосымша білім беру педагогы**

# Мектебім – құтты мекенім

***Ауылым – ырысы мол, құт берекем демекші, ауыл орталығында орналасқан алыстан көзге түсетін мәдениет үйі, Алланың үйі мешіт, жасыл желекке жамылған мектеп, интернат - анда-санда барғанда сағыныштан жүрегім бір толқиды. Ал, 35 жыл бір орында еңбек етіп, зейнеткерлікке шыққан мектебім ерекше ыстық.***

«Өткен өмір тарихтың бір беті» дегендей, қазірде жасымыз ұлғайып қалған шақта көзбен көріп, бастан өткен ғұмырдың ұмытылмас сәттері мен жаныңа жақын жандардың бейнелері еріксіз еске түседі екен. Өмірлік жолдасым Байзақов Қайырлы Нұртазаұлы екеуіміз жолдамамен 1970 жылы Қ.Сәтбаев атындағы мектепке (бұрынғы Пушкин орта мектебі) қызметке орналастық. Мектеп екі қабатты тұрғын үй еді. Бөлмелері кіші, бір бөлменің ішінде екінші бөлме. Сыныпта бала көп. Мұғалім ұжымы әр ұлт өкілдерінен құралған. Жұмыс негізінен орыс тілінде жүргізіледі. Қазақ сыныптарында істейтін жас мамандарға жеңіл тиген жоқ. Дегенмен, тәжірибелі ұстаздардан үлгі алып, төселіп кеттік. Шынын айтқанда төзімділікті, көп ізденуді, көп еңбек етуді талап етті. Қызығы мен қиындығы қатар жүретін ұстаздық жолымыз осылай басталды. Химия, биология пәндерінен сабақ беріп, жетекшілік еткен сыныпта 22 ұл, 2 қыз (Әлия, Жібек) болды. Біреуі оң қолым, екіншісі сол қолым болды. 90 пайызы жан-жақтан келіп, интернатта жатып оқыды. 1972 жылы абыроймен шығарып салдым. 1977 жылы үш қабатты жаңа мектепке кіргенімізде қуанышымызда шек болмады.

Құдіреті күшті жаратқан ие адамзатқа алды сағым, арты сағыныш шектеулі ғана ғұмыр берген. Жаңалыққа жаны құмар, ізденімпаз, еңбекқор, қарапайым да қайырымды, адамгершілігі, ұйымдастыру қабілеті ерекше азамат Аубакіров Қайыржан Мұқатұлын еске алам. 20 жыл қызметтес болдым. Директор болған жылдары мектептің материалдық-техникалық базасын нығайта отырып, оқу сапасына да көңіл бөлді. Е.А.Бөкетов атындағы университетінің студенттері біздің мектепте педагогикалық практикада болуы соның айғағы. Кеңес үкіметінің гүрілдеп, қазақ тілінің күлдіреп тұрған кезінде мектепте домбыра, хор, би, қазақша күрес үйірмелері жұмыс істеді. Оқушыларға, мұғалімдерге қазақ ұлттық киімдерін тіккізді. Аудандық, облыстық байқауларда, жарыстарда жүлделі орындарға ие болды. Ауыл мектебі – ауылдағы мәдени ошақ, ал ұстаз – ауыл өмірінің айнасы дейтін, жар құлағы жастыққа тимей мектебімізге Қ.И.Сәтбаев есімін бергізген де Қайыржан Мұқатұлы еді. 2003 жылы 52 жасында қазақша күрестің алғашқы жаттықтырушысы, КСРО-ның спорт шеберлігіне кандидаты, «ҚР білім беру озаты» дүниеден өтті. Шәкірттері мен әріптестерінің рухани өсуіне жол бастаған ұстаз, әрі білгір басшы болатын. Өзі кетсе де, артында ісі мен өшпес ізін қалдырған тұлға деп білем. Жатқан жерің жарық, топырағың торқа болсын!

1990 жылдың абыр-сабыры біздің ауылымыздың да берекесін қашырды. Совет үкіметі тарап, Қазақстанның жаңа тәйтәй басқан кезі. Совхоз тарады, жұмыссыздық етек алды. Күн көріс іздеп тұрғындар елден көше бастады. Шаңырақтар бос қалды. Кеңсе, машина-трактор шеберханасының быт-шыты шықты. Сиыр фермалары жойылды. Совхоз ғимараттарының ойран-топыры шықты. Техниканы шамалары келгендер талан-таражға салып, бөліп алды. Жарық жоқ, су жоқ, еңбек ақы, пенсия жоқ кезде бой түзеп қалған мектеп қана болды. Мектеп директоры Алиева Нағима Қазбекқызы қажырлық пен қайраттылық көрсетті. Анда-мұнда шапқылап жүріп, ретін тауып балалардың білім алуына жағдай жасады. Мұғалімдерді соған жұмылдыра білді. Үш қабатты мектептің бір шегесін, бір тақтайын шашау шығармай сақтап қалды. Соның жемісін қазіргі ұрпақтар көріп отыр, ізденіс үстінде жүріп жабылып қалған интернаттың ашылуына үлес қосты.

Қазір жан-жақтағы ауылдың балалары жатып білім алуда. Сол мектепті, интернатты қазіргі таңда музей дерсің. Бастаған ісін тиянақты аяқтайтын қайсар басшы.

Қиын-қыстауға қарамаған Нүкенова Бақыт пен совхозымыздың директоры Әлімжанов Әбдіхамит еді. Сол жылы намазға жығылғандар саны көбейді. Өзбекстан қаласы Андижанда арнаулы білім алған Нүкенов Сұлтан жастарға араб тілінен дәріс берді. 1997 жылы мешітке Жанбайұлы Зікірия қажы есімі берілді.

Іші-сырты күрделі жөндеуден өтілген, тап-таза, жылы, жырық, 200 адамға ас беретін жабдықтармен қамтамасыз етілген. Үстел, төсеніш, орындық, теледидар, ноутбук, діни кітаптар, газеттер және телефон бар. Барлығына бас-көз болып жүрген Жанашева Ғазиза Төлеуқызының еңбегі зор. Екінші үйі десе де болады. Имамы Өзбеков Қосман Нұрғалиұлы, Саран қаласының имамы Салықов Мұхамедқали Сапарұлы, Ақтөбе қаласының имамы Темірханов Асылтай Нұртайұлы Қ.Сәтбаев атындағы мектептің түлектері. Бұлар Ақбел ауылының мақтанышы. Алла жар болсын!

«Бір кісі мың кісіге олжа салар» деген сөз осы сияқты адамдарға арналған тәрізді.

Мектепке шақырумен барғанда (кеш, кездесу) алыста қалған күндер еске оралып, ой тұңғиына түсіп кеткенімді байқамай да қалады екенсің. Қарсы алып тұрған самайын қырау шалған әріптестерімді, бір кезде өзімнен дәріс алған ұстаз-шәкірттерімді көргенде ерекше сезімде боламын. Көптен естімеген қоңыраудың әсем үні, оқушылардың шат күлкісі мені үйіріп әкететінін қайтерсің. Ұстаздар үшін «Білім күні, мұғалімдердің төл мерекесі, 25 мамыр - соңғы қоңырау ерекше ғой. Сол себепті әріптестерімді төл мерекесі -Мұғалімдер күнімен құттықтаймын.

Денсаулық, бақыт, отбасыларына шаттық тілеймін.

Сынапша сырғып, суша ағып жатқан өмірдің есте қалған кезеңдерін кейінгі ұрпақтарымның есінде жүрсін деген оймен осы мақаламды жазып отырмын.

**Күлшәрия ЖҰМАТАЕВА,**
**ардагер ұстаз,**
**Қарағанды қаласы**

# Вспоминая любимого учителя

***В этом году 18 октября исполнится 10 лет, как не стало Купавцевой Валентины Александровны – филолога Калининской (ныне Акоринской) средней школы.***

Коллектив Акоринской средней школы всегда отличался своим профессиональным составом. И одна из таких профессионалов - это Валентина Александровна – опытный, талантливый педагог, учитель от Бога, как принято говорить.

Мне очень повезло быть ее ученицей. Каждый её урок – это маленькая жизнь, история, которую она проживала с нами – своими учениками. Валентина Александровна обладала редким учительским талантом, позволявшим ей замечать в учениках их способности. Именно она привила мне любовь к русскому языку и литературе.

Как-то в старших классах она познакомила нас с повестью Бориса Васильева «А зори здесь тихие…». Мы слушали ее как завороженные, настолько эмоционально четко она умела передать состояние персонажей книги, что мы, будто сами участники повести, переживали вместе с главными героями все события их жизни.

Сейчас я понимаю, каким необыкновенным талантом, огромным запасом знаний, профессионализмом нужно обладать, чтобы проводить



уроки на таком высочайшем уровне.

В моей памяти остались не только уроки Валентины Александровны. Помню, как однажды на перемене Валентина Александровна подошла ко мне и так загадочно улыбаясь сказала, что открывает драматический кружок. Тогда я училась в 6-м классе и с тех пор, под ее руководством мы поставили немало интересных и классных сцен. На одном дыхании проходили все постановки, которые она готовила. Будь-то литературные вечера, или тематические праздники, или сценки для выпускных вечеров, Валентина Александровна вкладывала весь свой опыт, талант и знания, искренне радуясь за успехи своих учеников.

Я многому научилась у нее. И если даже я не осуществила свою мечту получить образование филолога, ее советы, поддержка и ее уроки до сих пор помогают мне в жизни и придают уверенности.

Как бы мне сейчас хотелось взять букет цветов, коробочку конфет, навестить и поздравить с праздником свою любимую учительницу. Поделиться с ней своими успехами и получить у нее новые слова поддержки, напутствия.

Учитель! Даже через много лет
Зажженный Вами не погаснет свет!
И он ещё поможет, и не раз,
Учитель мой, в делах продолжить Вас!

Огонёк, зажженный когда-то Валентиной Александровной, по-прежнему горит в наших сердцах – сердцах её учеников. А в памяти навсегда остался светлый образ дорогого сердцу, любимого УЧИТЕЛЯ.

**Бакыт БАЙДЕЛЬДИНОВА**
**от имени всех ее учеников**
**п.Ботакара**

# Ауылдағы жас маман

***Гүлзана Бакирова Керней ауылындағы тірек-ресурстық мектебіне келген жас маман. Ауыл мектебіне келген екі жылдың ішінде жас маман әріптестері мен шәкірттерінің сыйластығына ие болып қана қоймай, «Дипломмен ауылға» бағдарламасының арқасында өзінің материалды жағдайын да жөнге қойған.***

Корнеевка округіне қарасты Ақжар ауылының тумасы Гүлзана өзі білім алып, қанаты қатайған білім ордасына қайта оралатынын мектеп қабырғасынан-ақ сезгендей.

- Мен бала жасымнан ұстаз болуды, шәкірт тәрбиелеуді армандайтынмын. Оған қоса үлгі боларлық, өздерін сондай парасатты, инабатты ұстайтын ұстаздарыма қарап қызығатынмын. Орыс тілі мен әдебиеті пәнінен сабақ берген Светлана Кикимова апайым сияқты боламын деген ой бала күнімнің арманы болатын, - дейді жас ұстаз ағынан жарылып.

Уақыты келгенде орта мектепті тәмамдап, үлкен өмірге қалаға аттанған Гүлзана Қарағанды мемлекеттік университетінің студенті атанып, экономика саласы бойынша білім алады. Алайда, араға жылдар салып, арманына қайта оралып «Болашақ» университетін қазақ тілі мен әдебиеті пәні бойынша тәмамдайды.

Қаланың тыншымас, буырқанған өміріне бел шеше еніп кеткен кейіпкеріміз оқуын бітірген соң да бірнеше жыл Қарағанды қаласында қызмет жасап, жалғыз аттанған ауылына жолдасы Ержанмен, қызы Аямен оралады.

Қазіргі таңда ол Керней жалпы білім беретін тірек ресурстық мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің ұстазы, оған қоса әлеуметтік педагог қызметін қатар алып келеді.

- Мектепке алғаш келген жылы маған 5 «а» сыныбын жетекшілікке берді. Бастауыштан жаңа өткен оқушыларыммен бірге өзім де көп нәрсені үйрендім. Мектеп ұжымының татулығы мен сыйластығының, тәжірибелі ұстаздардың ақылпарасатының арқасында тәжірибе жинақтадым, - дейді Гүлзана.

Қазақ тілі мен әдебиеті пәні ұстазының жұмысы түсінікті болса, заман талабымен туындаған әлеуметтік педагог мамандығының мәнін біріміз түсінсек, біріміз түсіне бермейміз.

Гүлзана Рамазанқызының айтуынша, әлеуметтік педагог өскелең жас адамға ақылшы, ұстаз, ұйымдастырушы, психолог, тәрбиеші, үйлестіруші-әдіскер, олардың әлеуметтік құқықтарын қорғаушы болуы тиіс. Сол себепті де әлеуметтік жағдайы төмен, қосымша қолдауды қажет ететін оқушыларға бас-көз болу - Гүлзана Бакированың негізгі міндеті.

- Былтырғы жылы қосымша мән беруіміз керек деген балалардың саны 10 болса, биылғы жылы олардың саны азайған. Біз үшін бұл өте қуанышты жәйт. Әрбір бала қатарластарынан қалмай, бақытты болуы қажет, - дейді жұмысының мәні мен маңыздылығынан хабар беріп.



Елбасы тапсырмасына сәйкес, елімізде соңғы жылдары білім беру саласына жіті назар аударылып, ұстаздарға қойылатын талап та артқан. Соның барлығына жауап беріп, тәрбиелі де сауатты ұрпақ қалыптастыру ұстаздар қауымының бұлжымас қағидасына айналған.

Мектеп қабырғасында жүрген оқушы қоғамымызда болып жатқан өзгерістерді біртін-біртін санасына құйып, сіңіріп өсуі қажет. Осы орайда, жас маман өткен жылдан бастап мектеп басшылығының ұйғарымымен латын әліпбиі үйірмесін жүргізеді.

Жас ұстаздың айтуынша, үйірме балалар үшін өте қызық. Олар әрбір сабаққа келген сайын орыс, қазақ, ағылшын тілдерінің қаріптік ерекшеліктерін өзара салыстырып, ойларын саралап отырады. Былтырғы жылы үйірмеге 24 бала қатысса, жаңа оқу жылында олардың санын арттыру жоспарланған.

Ел мектептері заманауи талаптармен қатар қадам жасай отырып, тәрбиелі де тәлімді ұрпақты қалыптастырмақ. Ал, ауыл мектептеріне жаңа мамандардың келуіне мұрындық болып, материалдық жағдайын жасаған «Дипломмен ауылға» бағдарламасы – елдімекендердегі зияткерлік ортаны қалыптастырушы. Гүлзана да ауылға оралған өз қатарластары сияқты мемлекет тарапынан жас мамандарға берілетін бір реттік көтермеақы мен үйге берілетін қаржыны да алып, Керней ауылынан үй сатып алған. Гүлзана мемлекет тарапынан көрсетілген осы көмек үшін дән риза.

- Қаланың қым-қуыт тіршілігін артқа тастап, ауылға оралуымызға «Дипломмен ауылға» бағдарламасы да мұрындық болды. Қазіргі таңда сатып алған үйім үшін айына небәрі 14 мың теңге көлемінде қаржы төлеп келемін. Елбасымыздың ауылға жастарды тартып, сапалы өмір деңгейін қалыптастыруға жасаған бағдарламасы үшін мың да бір алғыс айтамын, - дейді.

Ауылына оралып, ұстаз боламын деген жас маманды Керней орта мектебінің ұжымы да қуана қарсы алды. Оған білгендерін үйретіп, ұстаздық мамандықтың қыр-сырына қанықтырды. Мектептің оқу ісі жөніндегі меңгерушісі Әйгерім Ахметжамиева әріптестері атынан Гүлзананың жұмысына жоғары баға беріп, өз ортасында сыйлы, жауапкершілігі жоғары, білікті маман екендігін айтады.

Бүгінде өзінің алаңсыз жұмыс жасауы үшін Гүлзана қызы Аяны мектеп ішіндегі шағын орталыққа берсе, жолдасы «Шұбаркөл» ЖШС-ында вахталық әдіспен қызмет жасайды.

- Ауыл адамдары да ұстаз деп құрмет танытып, алдымызды кеспейді. Халықтың ұстазға деген, білімге деген құрметі болса керек, - дейді қазіргі тұрмысы жөнінде толғанып.

Ұстаз мамандығының ерекшелігі сол - ол бір емес бірнеше буынның қалыптасын, сана тоқтатып, ой түзетуіне себепкер. Сол себепті де, мамандықтың жүгі мен ауыртпалығына мойымай, мұғалімдікті ту еткен азаматтар қашанда құрметке лайық.

**Н.ӘБІКЕЕВА**

**Д.Торжановтың суретінде:**
*Г.Бакирова шәкірттерімен.*

# Сыршыл жүректі ұстаз

***Сұлтан Дәулетханұлы - ұстаз, бала жүрегіне ізгілік, тәлім-тәрбие дарытушы адам. Абай атамыз айтпақшы, “Ақырын жүріп, анық басқан” сыпайы да, білімді жігіт. Жылы ұясында ата-ана сыйлаған, жан жарымен сыйластықта тіршілік кешіп, сүйкімді балдырғандар тәрбиелеп отырған Сұлтан Дәулетханұлы сонымен бірге ақындығы, арқасы бар азамат. Поэзия әлемінде қалықтау екі адамның бірінің пешенесіне жазылмаған. Қоршаған ортадағы қарама-қайшылықтар тоғысында жаны әдемілікті, жарықты, әсемдікті көре алатын, адамдардың ішкі жан дүниесіндегі сырын ұғып, жыр жолдарымен алдағыға жол нұсқайтын, бағыт беретін ол жүрген жерінің көркі, шамшырағы сынды.***

Ауданымыздағы қолына қалам ұстаған жандардың барлығы Сұлтанды жақсы таниды, онымен дос, жолдас болғысы келеді. Бір айта кетерлік жақсы қасиеті - дос болған адамымен жылдар бойына туыс, жанашыр, ниеттес, тілектес болып жүреді. Қуанса - қуанады, ренжісе - бірге ренжиді. Сыршыл поэзиясының біразы осы адамдардың тіршілік ету үлгісінен алынса керек.

Моңғол жерінен ұлы көшпен бірге ата қонысқа бет алған қандастарымыздың ішінде Дәулетхан ағамыздың отбасы да бар еді. Отбасында 5 адам бар болатын. Ақын жігіт “Ата жұртқа тағзым” атты жыр жинағында былай деп толғанады:

Би-шешендерімнің қаныққан сөзіне шырын,
Абыз даламның танытам шежіре сырын.
Бір Алла жар боп, мейір мен шапағын төккен,
Алтыннан қымбат әр күнім Отаныма өткен.

Он екі жастағы бала Қарағанды қаласындағы Жамбыл Жабаев атындағы №7 мектеп-гимназияда қазақ тілі мен әдебиетінен тереңдете оқып, орта білім алады. Жылы жүзді, мейірімі көздеріне тұнған ұстазы Шолпан Тоқсанбаева әлі күнге жейін жүрегінің түкпірінде. 1998 жылы ҚарМУ-дің филология факультетіне студент болып қабылданады. Қай жерде болмасын білімі алдыға шығарып, 2002 жылы ол үздік дипломмен оқуын тәмамдайды.

Қылшылдап тұрған жас маман ауданымызға қарасты Ақтөбе ауылындағы орта мектепке мұғалім болып барады.

- Мектеп ұстаздарының мерекелік тартымды шаралары театр сынды мектеп залында дүбірлеп, жұрт үйлеріне қайтқысы келмейтін,-дейді Сұлтан сол жылдарға көз тастап. Осы мектепте бір оқу жылын тәмамдап, отбасы жағдайына, ата-анасына алаңдаған әрі шығармашылықпен айналысуға бет бұрған ол Тоғызқұдық ауылына оралады. Осы екі арада өзінің тәмамдаған оқу орыны арнайы шақырып, қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасында оқытушы болып еңбек етеді.

2008-2018 жылдар аралығында Кузнецкий орта мектебінде ұстаздық етіп жүрген жігіттің бүгінгі таңдағы жетістіктері бір төбе. Бірінші санаттағы мұғалім, директордың ғылыми жұмыстар және әдістемелік ісі жөніндегі орынбасары. “Жас қалам”, “Талант” үйірмелерінің жетекшісі, жанына қаламының желі бар оқушыларды топтастырып, поэзия тылсымына бойлатып жүрген жігіттің арманы асқақ.



Мектептегі әріптестерімен тығыз қарым-қатынас орнатып, жұмыс жасап келеді. Шығармашылыққа баулыған оқушылары - Амангелді Бағдәулет “Жыр алыбы - Жамбыл” атты байқауда 3 орын иеленген, аудандық, облыстық байқаулардың жеңімпазы. Орынды Жанбота журналист мамандығын таңдап, білім қуып жүрген талантты жас. Сәлімгерей Қауария - “Естірту - шешендіктің үздік үрдісі” тақырыбындағы ғылыми жоба жеңімпазы. Ең алдымен Үштөбе ауылында өткен конференцияда “Күміс” медальға ие болса, облыста 1 орынға қол жеткізген. Ақанқызы Фариза - “Бұқарекең жырлайды” байқауының жүлдегері.

Әрбір адам өз білгенін бала бойына сіңіре алмайды. Бұл үшін бала жүрегін селт еткізіп, қызығушылығын туғызатын күшке ие ұстаз болуы қажет. Замана талабы жаңаруды, түбегейлі өзгеруді талап етсе, Сұлтан Дәулетханұлы өзін-өзі дамыта жүріп, көп оқып, іздене жүріп, білім өрісін кеңейтетін курстарға да үнемі қатысады. Өзі үшін пайдалыны алып, оны жұмысында қолданады.

Бұқар жыраудың 350 жылдығына орай М.Асқарова мен Г.Түспекованың авторлығымен жарық көрген “Бұқардан бүгінге дейін” жинағында Сұлтан ұстаздың шығармашылығы да орын алған.

2002 жылы студенттер арасында өткен облыстық мүшайраның бас жүлдесін жеңіп алған.

Халықаралық “Шабыт “фестивалінің проза жанры бойынша дипломанты. Ғ.Мұстафин атындағы проза байқауының 2 орын иегері, Алматыда өткен халықаралық өнер фестивалінің дипломанты. 2015 жылы қоғам қайраткері Жұмабек Тәшеневтің 100 жылдығына орай “Жылдың үздік жазушысы” жүлдесіне ие болды.

Ұстаздықты, ақындықты, қаламгерлікті бойына тоғыстырған Сұлтан Дәулетханұлы бүгінгі таңда дер шағында. Жауыннан кейін аспан шайдай ашылатынына, жылаған баланың уанатынына, қыстың қаһары жаздың самал желімен алмасатынына, қайғыдан соң қуаныш орын алатынына шәкіртін, досын, барша оқырманын сендірген ұстаз-ақын оқу-ағарту ісінде де көш алдында келеді. Білім бөлімі тарапынан мадақтама, марапаттармен аталып жүрген ұстазға құйма құлақ және өнерлі шәкірттеріңіз көп болсын дейміз.

**Қ.АХМЕТОВА**

**Д.Торжановтың суретінде:**
*Сұлтан Дәулетханұлы оқушыларымен.*

# Дорогие наши старики

***С 24 по 29 сентября в КГУ «Ельтайская ОСШ» под руководством классных руководителей прошли классные часы по теме «Дорогие мои старики», жасулановцами оформлен стенд «Қарттар күніне...».***



Также в течение сентября месяца учащимися КГУ «Ельтайская ОСШ», состоящими в отряде «Тимуровское движение», под руководством детско-юношеской организации «Жасұлан» оказана помощь одиноким пенсионерам в виде уборки территории, заготовки дров и другой помощи по хозяйству. А в КГКП «Детская музыкальная школа» состоялся концерт под названием «Армысың, ауылымның асылдары» и оформлен стенд.

28 сентября в КГКП ясли-сад «Ақбота» прошло праздничное мероприятие с вручением подарков «Встреча с пенсионерами».

1 октября заведующая модельной библиотеки-клуба А.Ибраева провела литературный вечер, викторину и показ слайдов «Ұрпаққа – тілек, ардагерге - құрмет», «Қарттарым – асыл қазынам!».

А в завершение праздника в культурно-досуговом центре «Аққұдық» состоялся «Голубой огонек», посвященый Дню пожилых людей. За праздничный дастархан были приглашены люди пожилого возраста, проживающие в селе Доскей в количестве более 140 человек. Мероприятие прошло с участием акима округа А.М.Байгожина, членов местного сообщества Исаиновой А.Т., Катроша Н.Г., Житиковой Л.И., коллектива детской музыкальной школы и учащихся КГУ «Ельтайская ОСШ», а также участников художественной самодеятельности.

Пожилым людям, которые не смогли принять участие в проведении праздника, были развезены и вручены подарки дома.

Праздничный дастархан и подарки пенсионерам были организованы благодаря спонсорской помощи ТОО «ПКФ Медео», членов местного сообщества и предпринимателей села Доскей.

Аппарат акима округа выражает благодарность всем участникам и спонсорам благотворительного обеда.

**Д.КУДАБАЕВА,**
**главный специалист аппарата акима**
**Доскейского сельского округа**

# Кенттегі қариялар мерекесі

***1-қазан күні Ғ.Мұстафин кентінің мәдениет үйінде "Қарттар күні" мерекесіне арналған іс-шара өтті.***

Кентте тұратын барлық қарттарға шақырту жіберіліп, келген қонақтарға концерттік бағдарлама ұсынылды. Қариялар өнерпаздардың өнерлерін тамашалап, мерекелік дастарханнан шай ішіп, сүйікті әндерін шырқады. Шара кешкісін би кешімен жалғасты.

Сонымен қатар Ғ.Мұстафин кенті әкімі аппараты мерекеге орай ұйымдастырылған қайырымдылық акциясына белсене қатысып, көмек білдірген кенттің «Ак-Нура ХПП» ЖШС, "Оспанов", «Шаукенов», «Селютин», «Кулькенбаева», «Райханова», «Пчелинцев», «Абикеева», «Савви», «Коломойцев», «Бочарова», «Яценко», «Ешмаханова», «Оразбаев» «Белошицкая», «Буламбаева», «Копбаева», «Пащенцева», "Гоцадзе", "Хумгаев", «Сыздыков», «Синегяев», «Блялова», «Сатдарова», «Сатжан» сияқты жеке кәсіпкерлеріне алғыс айтады.

Бүгінгі қариялар - ертеңгі өзіміз, үйдегі ата-анамыз екендігін ескерсек, оларды барынша аялап, қамқорлық таныту тікелей борышымыз болып табылады.

**Л.МАЛИК,**
**Ғ.Мұстафин кенті**
**әкімі аппаратының бас маманы**

# Аман жүрші, көне көз қариялар

***Қазақ қашанда қартын құрметтеген. Туған елінің туын биік ұстауды мақсат тұтқан Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев әрқашан еңбектеген баладан, еңкейген қартына дейін ұлықтауды ұлы дәстүрге айналдырып, өскелең буынға ұлағат етіп келеді.***

Бүгінде қарттар күні саналы ғұмырларын Отан деп, тынымсыз еңбектерімен мемлекетіміздің негізін салуға жол ашқан алдыңғы буын аға-апаларымыздың, әке-аналарымыздың төл мерекесі. Олардың өмір жолдары бүгінгі ұрпаққа табылмас қазына.

Сондықтан да Ынтымақ ауылдық клубында Халықаралық қарттар күні жылда кең көлемде аталып өтеді. Биыл да аталмыш мерекеге орай «Аман жүрші, көне көз қариялар!» атты мерекелік іс-шара өз деңгейінде өтті деуге болады.

Амангелді Сабина мен Альбина жүргізген концерттік бағдарламаның шымылдығын ашпас бұрын ауылдың қарт ұстазы Рысты апай мен немеремнің қызығы балдан тәтті деп жүрген әжелеріміздің бірі Айсұлу анамыздың жүрекжарды ақ тілектері тыңдалды. Келесі кезекте сахна төріне ауыл мектебінен түлеп ұшып, бүгінде Қарағанды қаласының төрінде ән айтып, көрермен көзайымына айналып үлгерген Ғазиз Нұрғазы шақырылды. Ойнақы әннің жағымды әуені көрермендердің көңілін бірден көтеріп тастады. Ары қарай Түсіпбаев Әділжан, Құмыржан Саялы, Қоғабаева Анель және Өмірақын Әмина ата-әжелерге арнап жаттаған өлең жолдарын нақышына келтіріп оқыды. Ал, Орманова Аяулым мен Жүнісова Самал «Өзбек биін», Амангелді Ұлпан, Орманов Дидар, Айтбаев Ерзат, Асығатова Дарина сынды бүлдіршіндер «Атасы мен әжесі бар бақытты балақандар» әнін орындады. Сонымен қатар, Асығатова Сабинаның орындауындағы «Перзент парызы» және Амангелді Сабина, Башкен Жанель, Айтбаева Айзат шырқаған «Әке - Ана» әндері мерекеміздің тақырыбын тарқатқандай болды.



Клубтың «Әдемі-ай» би үйірмесінің бишілері Башкен Диляра, Амангелді Альбина, Өмірақын Фатиха, Батықова Аянат «Қызғалдақ» биін мың бұрала билеп, барлық көрерменнің ыстық ықыласына бөленді. Жайлаубай Бейбітгүлдің «Құстар» әні мен Ғазиз Нұрғазының орындауындағы «Қоштасу вальсі», «80 жылдардағы әуендерден попурри» әндері концерттік бағдарламаның көрігін қыздыра түсті. Осындай көңілкүйімен тарқасқан меймандарымыз бізге де алғысын жаудырып жатты.

Халқымыз қашанда дария көңіл, алтын жүректі қарттарымен мақтана білген. Ауылымыздың сәніне айналған салиқалы, көне көз қарияларымыз аман болсын!

**Н.МАЙКӨБЕНОВА,**
**Ынтымақ ауылдық клубының меңгерушісі**

# Международный День пожилых людей

***В честь празднования Международного Дня пожилых людей руководство ПЧ-34 и ОЧС района поздравили ветерана гражданской защиты Кравченко Анатолия Адамовича, который 43 года проработал в органах гражданской защиты.***



Кравченко Анатолий Адамович родился 29 августа 1950 года в п. Ульяновский, свою трудовую деятельность начинал в 1970 году инспектором по пожарной безопасности профессиональной пожарной части п.Ульяновский. С 1971 по 1996 г. работал начальником профессиональной пожарной части п. Ульяновский. В связи с воениазацией пожарных подразделений в январе 1997 года был назначен на должность старшего водителя ПЧ-34 ГУ «СПиАСР» ДЧС Карагандинской области. С 1 сентября 2013 года находится на заслуженном отдыхе.

За проработанный период времени внес значительный вклад в становление и развитие противопожарной службы района. За это время силами личного состава под его руководством были построены дополнительные стояночные боксы для пожарной автотехники, а также помещения для инженерно-инспекторского состава. Под его руководством прошли «школу мужества» многие пожарные, которые и в настоящее время несут службу в подразделениях Карагандинского гарнизона.

За безупречную службу был награжден медалью «Өртке қарсы қызмет органдарындағы мінсіз қызметі үшін» III и II степени, а также награжден медалью «Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар органдарының ардагері».

И даже уйдя на пенсию, он не изменил себя, свое неравнодушие, оптимизм и гражданскую позицию. Является активным членом «Общества охотников и рыболовов Бухар-Жырауского района». При обращении всегда готов оказать поддержку и дать совет.

Анатолий Адамович окружен заботой близких и родных людей. В дружной семье Анатолия Адамовича 2 внучки. Они гордятся своим дедом и с радостью делятся достижениями в учебе, спорте и музыке.

**А.ЕСЕНТАЕВ,**
**заместитель начальника ПЧ-34**
**ГУ «СПиАСР ДЧС Карагандинской области**
**КЧС МВД РК», капитан гражданской защиты**

# Қарттарға арналған мереке

***Петровка ауылдық округінде Халықаралық қарттар күні атап өтілді.***

Мектеп ұжымы ұйымдастырған мерекелік концерттік бағдарлама қарттарымыздың көңілінен шықты. Қарттарды ең алдымен ауылдық округ әкімінің міндетін атқарушы Талғат Елубаев пен ауылдық ардагерлер алқасының төрағасы Сәуле Торжан құттықтап, жиналған ата-әжелерге ізгі лебіздерін жеткізді.



Мерекелік іс-шарада Петровка ауылының қарттары бір үйдің баласындай жиналып мәз-мейрам болып, «Тойхана» кафесінде мерекелік ақ дастархан жайылды. Бір дастарханнан дәм татып, қатарлас қызмет істеген, бүгінде еңбегінің зейнетін көріп отырған зейнеткерлер қауымы құрбы-құрдастарын көріп, әзілдесіп, сырласып, бір жасап қалды. Ақ тілектер айтылып, көңілдерін көтеріп тарқасты.

Тоқсан жастан асқан қарияларға арнайы сыйлықтар үйді-үйлеріне таратылды. Қариялар көрсетілген сыйқұрметке алғыстарын білдірді.

Қарттар күнін мерекелеу кезінде осы мерекеге демеушілік көрсеткен ауылдың жеке кәсіпкерлеріне және "Тойхана" меңгерушісі Аюбекова Индираға алғысымызды білдіргіміз келеді.

**К.МҰҚАШЕВА,**
**кітапханашы**
**Петровка ауылы**

# Менің әжем - алтын

***Менің сүйікті әжемнің аты - Мейрамгүл. Ол мектепте бастауыш сыныптарға сабақ береді.***

Әжем жарқын жүзді, ақ пейілді жан. Ол маған сабаққа дайындалуға көмектеседі, ертегі де айтып береді, тамақты да өте дәмді дайындайды.

Мен әжемнің айтқанын екі етпей орындаймын. Мектепте жақсы баға алғанымды ең бірінші әжеме айтамын. Ол кісі қатты қуанады. Мен әжемді өте жақсы көремін. Осындай әжем барына мақтанамын. Әжем қасымда әрқашан қамқоршы болып жүре берсе деп армандаймын.

Келе жатқан мұғалімдер күніне орай мен әжеме арнап өлең де шығардым:

Мен әжемнің баласымын,
Еркелейтін дарасымын.
«Айым» дейтін, «Күнім» дейтін,
Қолғанаты, панасымын.
Ұзақ болсын жасыңыз,
Жүз жастан да асыңыз.
Немерелер тойына,
Батадан шашу шашыңыз.

**Ислам АМАНГЕЛДИН,**
**Ростов орта тірек мектебінің**
**5-сынып оқушысы**

# Дария кеуде, тау мүсін...

***Қазан айының 1-і күні мәдениет үйінде ардақты қарияларымыздың төл мерекесіне арналған мерекелік концерт өтті. Тақиялы аталарымыз бен ақ жаулықты аналарымызды той төріне шығарған бұл күні айтылған ақ тілекпен төгілген ән-шашу мереке ажарын ашты.***

Мерекелік кешке өңіріміздің өсіп-өркендеу жолында жастайынан аянбай еңбек еткен қариялар, әлі күнге дейін қоғамдық мәселелерге өз үлесін қосып жүрген ел ағалары мен ардақты аналарымыз бірі таяққа сүйеніп, енді бірі немересін жетектеп келген екен. Бұл күні бір-бірімен көптен көріспей сағынысқан ескі таныстар есендесіп, арқа-жарқа болып жатты.

Мерекеге арнап аудандық орталық кітапхана ұжымы ұсынған көрмені тамашалап, жан-жақтан келіп түсіп жатқан ізгі тілектерді қабыл алған ата-апаларымыздың жүздерінен төгілген шуақ жан-жақтан жанған электр шамдарынан да қуатты әрі жарық болып көрінді.

Құттықтау сөзін мемлекет басшысы Н.Назарбаевтың «әрбір ардагердің, әрбір қарттың қажеттіліктерін ескеру, оларға қамқорлық жасау – біздің басты борышымыз» екендігін ескертіп, ерекше мән берген сөзімен бастаған аудан басшысы қарияларымыз болашақ өркенге бағыт-бағдар беретін даналықтың сарқылмас бұлағы екендігін айтып өтті.

- Қазақ халқы ежелден қариясын қазына деп бағалаған киелі ел. Қарттарымызға қамқорлық жасау керектігін ескеріп келген Елбасы үлкенге құрмет көрсету халқымыздың санасына терең сіңген қасиет екендігін айтады. Өсіп келе жатқан келер ұрпақ сіздердің өмір жолдарыңыз бен еңбек жолдарыңыздан үлгі алып, өнегелі сөздеріңізді өмір жолында шамшырақ ретінде қолданады. Бүгінгі мерекелік сәтте баршаңызға зор денсаулық, қажымас қайрат, отбасыларыңызға амандық, бақ-береке тілеймін,- деді аудан басшысы Ш.Мамалинов.

Аудан басшысының ізгі тілегінен соң аудандық мәдениет бөлімі ғажайып жасты еңсерген ата-апаларымызға ән мен биден тарту сыйлады. Бауыржан Ермухамбетовтың жетекшілігіндегі «Ботақара баурайында» фольклорлық халықтық ансамблінің орындауындағы әсерлі күй мен «Шұғыла» мен «Гүлдер» би ансамблінің құлпырған қыздары мереке иелеріне көркем билерімен көтеріңкі көңіл-күй сыйлады. Ж.Қошжановтың орындауындағы монолог көптің ықыласына бөленсе, З.Төлеубаева, Л.Сабитова, А.Амантайұлы, Ж.Хасенова, М.Шарманова, Т.Югайдың орындауындағы ескі де болса, әлі де естен кетпеген әндерді тыңдарман ерекше ықыласпен қарсы алды. «Славянские узоры» этно-мәдени бірлестігінің орындауындағы «Гуси-лебеди», «Дәурен-ай» ардагерлер халықтық хорының «Әнім сен едің» әндері залдағы қарияларымызға өткен өмір белестерін еске салды.



Жақын дос немесе бірге қызметтес болған таныстарын көріп, жас таланттар өнерін тамашалаған қарияларымыз өткен күндер естеліктерін еске алып, осындай әсерлі мереке сыйлағандары үшін барша өнерпаздарға алғыстарын жеткізді.




Еліміздің әр түпкірінде тұратын туған-туыстан ізгі тілектер мен ыстық құттықтаулар алып, мәре-сәре болып отырған 74 жастағы Сағира Карманова апамыз мерекелік бағдарламадан көтеріңкі көңіл-күй алып, сағындырған ескі әндерді тыңдап демалып қалғандығын айтып, ұйымдастырушыларға өз алғысын білдірді.

- Қандай әдемі кеш болды, көптен көріспеген жора-жолдастарымызбен көрісіп, жастық шақтың әндерін тыңдадық,- деген Майдаш Балтина апамыз мәдениет үйінде өтетін әр мерекелік кештерді жібермеуге тырысатындығын айтады.

«Қартын ардақтай білген елдің рухы үстем, шаңырағы биік» деп Елбасымыз атап өткендей, қай уақытта болмасын жанымыздан табылып, өмірлік тәжірибесі мен өнегелі өсиетімен болашақ өркенге шамшырақ болар дана қарттарымыздың бары біздер үшін зор бақыт екенін естен шығармауымыз керек.

**Б.ЖАКЕШОВА**

**Д.Торжановтың суреттері**

# Боз кілемдегі балуандар додасынан

***Өткен аптаның сенбісінде №1 қазақ тірек мектебінде қазақ күресінің облыстық чемпионаты өтті. Байрақты бәсекеде Қарағанды, Жезқазған, Абай қалалары мен Осакаровка, Шет, Жаңаарқа, Бұқар жырау аудандарынан 50-ден аса балуан бақ сынасты. 8 түрлі салмақ дәрежесінде боз кілемге түскендердің ішінен жеңіске жеткені ел чемпионатына жолдама алды.***



Көне ғасырлардан бастау алған қазақ күресі талай жылдарды артқа тастап, өзінің мәңгілік өнер екендігін дәлелдеп келеді. Бүгінгі күнде тіршіліктен тыс қалмай бірге жасап келе жатқан балуандар бәйгесі әлем елдеріне танылған спорт өнерінің бір түріне айналған.

- Бүгінгі сынға түсіп отырған балуандардың жеңісті бағындырғандары ертеңгі күні ел алдында облысымыздың намысын қорғамақ. Сәттілік серік болсын, балуандар. Сіздер салауатты өмір салтын ұстанып, арттарында еріп келе жатқан ұрпаққа үлгі болып жүрсіздер. Осының өзі үлкен жеңіс,- деп ашылу салтанатының алғашқы тілегін арнаған Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген жаттықтырушысы Диқанбай Биткөзов балуандарға ақ батасын берді.

Ел намысын қорғауға жасақталған балуандар “Отаным“ деп соққан жүректеріне қолдарын қойып, Әнұранды шырқаған соң, алғашқы белдесу басталып кетті. Бабы келіскен балуандар боз кілемнің шаңын қағып, көрерменге тамаша ойын өнерін сыйлады. Бұл бәсекеде жерлестеріміз Е.Мадениеш, Қ.Қабдығаниев, Е.Молдағұлов, Н.Қасенов, Ж.Басаринов бауырларымызды жеңіс төрінен көргенде бөркімізді аспанға ата қуандық.

Балуандар бәйгесінің қорытындысы бойынша 55 кг салмақ дәрежесінде 3-орын қарағандылық Б.Хуанбек пен Осакаровка ауданының балуаны Б.Хуанбайға бұйырса, 2-орынға жерлесіміз Е.Мадениеш, 1-орынға қарағандылық Б.Қаппар лайық деп танылды. 60 кг салмақ дәрежесінде сынға түскендерден жезқазғандық Ж.Бейсенбаев пен қарағандылық Д.Әбиқас 3-орынға, Осакаровка ауданының намысын қорғаған С.Хуанбай 2-орынға, қарағандылық Д.Ысқақ 1-орынға ие болды. 66 кг салмақ дәрежесінде жеңіске жеткендер қатарында осакаровкалық Б.Төлеуов пен



қарағандылық балуан М.Қарғабай 3-орын, жерлесіміз Қ.Қабдығаниев 2-орын, Осакаровканың балуаны С.Хавдурасол 1-орын шыңынан көрінді. Ал, 74 кг салмақ дәрежесінде қарағандылық жігіттер Ж.Нұрғали, А.Маханов 3-орынды, Б.Хуанган 2-орынды, А.Ғалымов 1-орынды қанжығаларына байлады. 82 кг салмақ дәрежесі бойынша осакаровкалық жігіттер Ж.Қалмағанбетов, К.Нұрмет 3-орынды, қарағандылық балуандар Ә.Келінбетов 2-орынды, М.Жанғабыл 1-орынды иеленді. 90 кг салмақта жерлесіміз Ж.Басаринов пен қарағандылық А.Азатбек 3 орынға табан тіресе, Жаңаарқа ауданының балуаны А.Нұркеев 2-орынға, талай додалы сындарда жеңіс тұғырынан көрініп үлгерген жерлесіміз Е.Молдағұлов 1 орынға ие болды.

100 кг салмақ дәрежесінде сынға түскен қарағандылық А.Ахметов пен Т.Досмұхамедов 3-орынға ие болса, осакаровкалық балуан Х.Хавдал 2-орыннан, Қарағанды қаласының балуаны Б.Ахметбеков жүлделі 1-орын төрінен көрінді. 100 кг жоғары салмақ категориясында қарағандылық А.Хапез бен бұқаржыраулық Н.Қасенов 3-орынды, қарағандылық жігіттер С.Байсанбаев 2-орынға, Е.Мұхаметжанов 1-орынға көтерілді.

Абсолютті салмақ дәрежесі бойынша күш сынасқан жерлесіміз Е.Молдағұлов 3 орынды қанағат тұтса, 2 орын қарағандылық Б.Ахметбековке бұйырды. Ал, Е.Мұхаметжанов жүлделі 1-орынға лайық болды. Күш сынасып, амал-айласын асырып жеңіс төріне көтерілген балуандарға ұйымдастырушылар тарапынан тағайындалған арнайы дипломдар, медальдар табыс етілді.

Ұлттық спорт өнерін бала күнінен жанына серік еткен қарағандылық А.Ахметов өзінің жеңісін тынымсыз жатығулардың арқасында деп білемін десе, жерлесіміз Е.Молдағұлов қазақ күресінің жасөспірім жастарға берері көп дейді.

- Бүгін жеңіс шыңынан көрінген жігіттеріміз облысымыздың намысын қорғамақ. Қатысушылардың көбісі облысымыздың мықты-мықты деген балуандары. Ұлттық кодымызды сақтау жолында жүрген жігіттеріміздің күнделікті спортпен шұғылданып, жаттығуларды уақытында орындауы ең бірінші жастардың денсаулығын нығайтып, өзін жат қылықтардан аулақ ұстауға баулиды,- дейді спорт қайраткері, жеке кәсіпкер Абай Зикиров.

Өз мәресіне жеткен қазақ күресінің облыстық чемпионатында өңіріміздің намысын қорғайтын балуандарымыз анықталса, келесі күні балалар, жасөспірімдер, жастар арасында «Жас Барыс-2018» республикалық турнирінің аудандық іріктеу кезеңі өтті. 2001-2002, 2003-2004, 1998-2000 жылғы жасөспірімдер арасында өткен іріктеу кезеңінен өткен балуандар облыстық іріктеуге жолдама алды.

Ауданымыздың жас спортшыларының күш сынасқан додасының қорытындысы бойынша Сарытөбе ауылының балуандары С.Киса, Е.Мадениеш, ақбелдік жігіттер А.Шәкәрім, Т.Әлімжанұлы, К.Көшеғұлов, М.Бекайдар, Д.Жуанышбеков, Новоузенка ауылынан А.Башкеев, А.Иргебаев, Т.Рахметов, С.Болатов, Шешенқара ауылынан Е.Болысхан, Тоғызқұдықтан келген Т.Тергеубеков, Ботақара кентінің балуандары А.Жұмажанов, Т.Ақжаров, М.Құрманов, А.Жарылғапов, Ж.Басариновтар әртүрлі салмақ дәрежесінде жеңіс шыңынан көрініп, марапатқа ие болды.

- Екі күн қатарынан өткен байрақты бәсекенің жеңімпаздарына аудан әкімі Ш.Мамалиновтың атынан, өз атымнан алдағы додада сәттілік тілеймін,- дейді аудандық дене шынықтыру және спорт бөлімінің басшысы О.Цыганков.

Боз кілемде атой салып күш сынасқан, ел абыройын асқақтатамын деген батырларымызға алдағы байрақты бәсекеде сәттілік серік болсын дейміз.

**Б.ЖАКЕШОВА**

**Д.Торжановтың суреттері**

# Шәкіртін еңбекке баулыған

***Адамның адамшылығы өзгеге жақсылық жасап, ізгілік жолына шақыруымен айқындалады. Жас буынды еңбекке баулып, ертеңгі күні өз қажеттілігін өздері өтеп алатындай білікті, епті, икемді етіп тәрбиелеу Байкен Кикимовтың өмірлік ұстанымы.***

***Бүгінде ардагер ұстаз, ардақты азамат, асыл ата, қамқор әке және жарты ғасырға жуық қатар ғұмыр кешіп келе жатқан жары Күлпаштың тірегі Байкен ағаның алдынан осы жылдар ішінде жүздеген шәкірт өтті.***



Оларды еңбек құралдары - балға, балтадан бастап, күрделі сүргілеу, фрезерлеу сияқты түрлі станоктарда жұмыс істеуге баулыған Байкен аға ұстаздық еткен жылдарын ыстық ықылас, ерекше тебіреніспен еске алады. Ол шәкірттерінің санасына ерінбей еңбек етуді өмірлік ұстаным ретінде сіңіріп, еңбекқор тұлға етіп қалыптастыруды ұстаздық парызы санады және бар күш-қуатын осынау мақсатқа қол жеткізу үшін сарп етті.

Корнеевка округіне қарасты Ақжар елдімекенінде өмірге келген кейіпкеріміз ауылындағы 8-жылдық мектепті тәмамдаған соң аудан орталығындағы Ю.Гагарин атындағы мектепті тәмамдайды. Ойлана келе Саран қаласындағы педагогикалық училищеге оқуға түсіп, сызу, технология пәндерінің ұстазы мамандығын оқып шығады.

Білімін толықтырған жас маман дипломын алысымен ауылым қайдасың деп, Керней ауылындағы кәсіби техникалық білім беретін училищеге жұмысқа тұрады. Жұмысқа тұрған 1973 жылы Кернейге келген жас маман, Ақөре ауылының тумасы Күлпаш Таңжарыққызымен отау көтереді.

Осылай бір басы екеу болған Байкен ағамыз сегіз жыл училищеде жұмыс істеген соң, 1981 жылы жылы Керней орта мектебіне ауысады. Содан осы мектепте табан аудармай 2012 жылы зейнеткерлікке шыққанша дейін мұғалімдік қызмет жасайды.

- Ең бірінші мен мектепке келгенде бары бір-екі жұмыс істемейтін станок қана, құрал-саймандар тіпті жоқ болатын. Жұмысымды ең алдымен сол құралдарды жинастырудан бастадым. Қарағанды қаласындағы құралдар базасына барып, мектебіміздің жай-күйін айтып жүріп, қажетті жабдықтардың барлығын жинап алдым. Себебі, балаға немен жұмыс жасайтынын көрсетпесең, олардың жеке-жеке қолданатын құралы болмаса, жұмыс жүрмейді, - дейді.

Табандылығының арқасында шәкірттерін жабдықпен қамтамасыз ете білген ұстаз әр сабақты олардың амандығы мен қауіпсіздігіне де ерекше мән беретін. Оқушылары Байкен Жұмкенұлының әр сабағы қауіпсіздік ережелерін таныстырудан басталатындығын айтады.

Ардагер ұстаз шәкірттерін технология пәнінің бағдарламасына сәйкес ағашпен, металлмен жұмыс істеуге ғана үйретіп қоймай, қолда бар материалдың барлығын іске жаратып, тұрмысқа қажетті заттарды, зергерлік бұйымдарды да жасауды үйретті. Байкен ағаның қолынан шыққан зергерлік бұйымдар – оюлы сырға Бейбітшіліктің американдық корпусының еріктілері Мэлиса Мэрфи мен Кейти Миллерге де сыйға тартылған.

- Оқушыларға зергерлік бұйымдарды жасау өте қызықты. Көбіне қазақ халқының тұрмысына қажет болған ескі бұйымдарды, музыкалық аспаптарды жаңғыртып жасайтынбыз. Сырға, білезіктің арнайы шекімелерін дайындап, балалар соған қарап өз нұсқаларын жасайтын, - дейді жұмыс барысын еске алған Байкен аға.

Мектеп қабырғасында жұмыстан тыс уақытта ауыл балаларының бос уақытын ұйымдастырып «Шебер қолдар» үйірмесін жүргізеді. Шәкірті Айдос Кенешев аудандық, облыстық сайыстарда топ жарса, осы үйірмеге қатысқан қос бірдей шәкірті Жәнібек Жұмаділдин мен Айдос Сармантаев ұстаздық жолын таңдап, Керней, Гагарин мектептерінде еңбек пәнінен сабақ береді. Бұл да «ұстазы жақсының ұстамы жақсы» деген халық даналығының дәлелі болса керек. Бүгінде өз биігінен қарай отырып:

- Ұстаз үшін шәкірітінің ізін жалғағанын көргеннен асқан бақыт жоқ шығар. Ықыластың еңбегімiздің нәтижесі болса керек, шәкірттерiміз, әріптестеріміз, ізімізді басқан ұстаздар – барлығы құрметпен қарайды, - дейді кейіпкеріміз.

Байкен ағаның қолынан шыққан зергерлік алқа, білезік, сырға сияқты бұйымдардың көбі қазіргі уақытта Керней ауылының мұражайында тұр. Бұл ауыл азаматының туған жерінің тарихына қосқан үлесінің, сіңірген еңбегінің айғағы болса керек.

Бүгінде жары Күлпашпен бірге 45 жыл қатар ғұмыр кешіп, Назгүл, Гүлден, Ержан есімді ұрпақ өсіріп, олардан өсіп-өнген 7 немересінің, кішкентай шөбересі Сәлиманың қызығына куә болуда. Балапандарына ұяның жылылығын таныта білген әке мен шешеге деген балаларының да ықыласы ыстық. Тәлімді әулет «Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсының аудандық кезеңіне де қатысып, лауреат атанған.

40 жыл ұстаздық еткен азаматтың өмір жолы көпшілікке, жас ұстаздарға да үлгі болатындай. Бүгінде зейнетке шыққан Байкен аға жұмыс үстелінде еңбекке қажетті бұйымдарын тізіп қойған. «Әттең,көз бен қолдың аздап келмейтіні бұйымдар жасауға кедергі келтіреді» дейді әлі де сүйікті ісінен қол үзгісі келмейтінін жеткізіп.

**Н.ӘБІКЕЕВА**

**Д.Торжановтың суреті**

# Уроки мастерства

***Так сложилось, что в педагогических коллективах в основном трудятся женщины. Представителей сильного пола в школах всегда меньшинство.***




Но именно они оказывают заметное, подчас решающее, влияние на формирование характера, силы духа, профессиональных качеств учащихся, в особенности мальчиков. Ведь в будущем мужчина - это защитник, глава семьи, ответственный работник с развитыми деловыми навыками и умениями. Это очень важные качества в жизни, считает учитель технологии и черчения Туздинской средней школы Павел Борисович Колчин. Он старается научить своих учеников обладать самыми разными навыками мастерства. Тем более, что учителю действительно есть чему научить своих воспитанников.

Сам Павел Борисович из семейной династии педагогов. В Туздинской школе трудился учителем труда его отец Борис Тимофеевич. Мама Людмила Генриховна 25 лет работала в школе завхозом. По стопам родителей пошли и их дети. Два брата Павла Борисовича тоже трудились в этой школе. А сейчас здесь работает школьным библиотекарем и его сестра. Словом, для семьи Колчиных школа стала неотъемлемой частью жизни, а работа здесь дала большой педагогический и жизненный опыт.

20 лет – эти годы работы с детьми, которые Павел Борисович считает самыми удачными и счастливыми в своей жизни. Потому что работа в школе приносит ему радость. На своих уроках технологии он прививает детям самые разные навыки профессионального мастерства. Сам Павел Борисович обладает талантом работы с древесиной. Его изделия представляют собой настоящие шедевры. Это различные шкатулки, вазы, кухонная утварь, сувенирные поделки и многое другое. Его творения как будто сотканы из кружева, настолько изящно и тонко получается в его руках резьба по дереву.

Основу своего мастерства педагог получил, учась на профессионально-художественном факультете Карагандинского государственного университета им.Букетова. А уже работая в школе, усовершенствовал его до высокого уровня. Сегодня на своих уроках он щедро делится этим мастерством со своими учениками. Их работы можно увидеть на праздничных выставках в школе, в Домах культуры района. Принимают участие они и в интернет-конкурсах. Так, на одном таком республиканском конкурсе «Наследие предков» его ученик Владислав Горелов занял первое место.

Павел Борисович подходит к своей работе творчески и с большим энтузиазмом. Не секрет, что для творческих работ необходимы материалы, инструменты, которых в школе нет. Поэтому учитель для поделок сам приобретает фанеру. Для этих целей нужна качественная, березовая, из нее получаются отличные изделия. Есть неравнодушные родители, которые, видя старания педагога и увлечения своих детей, покупают своим ребятам инструменты, лобзики, аппараты для выжигания. Ведь детские таланты всегда нуждаются в поддержке взрослых. Да и сам педагог очень трепетно относится к оборудованию. В его мастерской есть несколько станков, один из которых остался в наследство еще от отца. Павел Борисович поддерживает весь инвентарь в идеальном порядке, если надо, сам ремонтирует, проводит профилактику.

Весь этот труд в итоге направлен на развитие и воспитание детей. Их увлеченность имеет свои плоды. Это подарки для мам, бабушек, сестер, выполненные своими руками. Пожалуй, никому не надо объяснять, какая это радость - получить от своего ребенка подарок, выполненный его руками, в который вложено столько тепла, заботы, любви. Это дорогого стоит!

К тому же, как считает педагог, на его занятиях у детей развиваются самые разные навыки. А это очень важно, именно для людей, живущих в сельской местности, где многое надо уметь что-то починить, что-то смастерить. Для учителя очень важно научить ребенка уважению ко всем профессиям, показать, в чём красота труда, говорит педагог.

Кроме преподавательской деятельности, в школе Павел Борисович является классным руководителем. Сейчас под его руководством учится 6 «Б» класс. За плечами педагога уже не один выпуск школьников, которые сейчас, уже будучи взрослыми, часто приходят к своему учителю, делятся своими жизненными успехами, благодарят за воспитание и привитые навыки.

В свою очередь учитель гордится своими учениками. Один из них Галым Монтаев пошел по стопам своего наставника. Сейчас он учится на мастера краснодеревщика. В будущем будет изготавливать мебель.

Вообще, дерево Павел Борисович считает за один из лучших материалов. Говорит, что от него исходит домашнее тепло, поэтому мастер очень любит изготавливать из него домашнюю утварь. Различные кухонные наборы для раскатки теста, ложки и многое другое. Мечтает начать изготовление деревянной посуды в национальном стиле, блюда для бешбармака. Но для этого необходимы специальное оборудование и благородные породы дерева, такие как дуб и другие.

Жизненным кредо мастера-педагога является девиз: чем больше отдаешь детям заботы, внимания, знаний, тем больше вернется к тебе радости и счастья от сознания того, что твой труд не проходит зря. Дети учатся, взрослеют, становятся хорошими людьми. Создают свои семьи, работают на благо своей страны. В этом и заключается призвание учителя. А сознание того, что тебе благодарны твои ученики, дает стимул жить и трудиться дальше, говорит Павел Борисович.

У самого Павла Борисовича тоже подрастают сын и дочка. Они еще школьники. Семья очень важна для меня, подчеркивает мужчина. Ради наших детей мы, взрослые, живем, трудимся. Вообще, счастье человека и заключается в том, чтобы оставить после себя след на земле. А дети - это и есть тот след, наше будущее, за которое мы, взрослые, в ответе.

**Т.КУРБАНОВА**

**Фото автора**

100 конкретных шагов

# Соблюдение норм этики – основная обязанность государственных служащих

***В рамках реализации 12 шага Плана нации - «100 конкретных шагов» по формированию профессионального государственного аппарата Указом Президента РК от 29 декабря 2015 года «О мерах по дальнейшему совершенствованию этических норм и правил поведения государственных служащих Республики Казахстан» утверждены и введены в действие с 1 января 2016 года Этический кодекс государственных служащих РК (Правила служебной этики государственных служащих) и Положение об уполномоченном по этике.***

С октября 2017 года на должности уполномоченного по этике аппарата акима Карагандинской области работает Асылбекова Сандугаш Сабетовна.

- Сандугаш Сабетовна, расскажите об институте уполномоченного по этике.

- На сегодняшний день стандарты поведения поднимаются на новый качественный уровень, и требуют от нас, от государственных служащих повышенной ответственности и самоконтроля поведения.

Глава государства Н.А.Назарбаев в Стратегии Казахстан-2050 отметил, что высочайшая этика и профессионализм является ключевым критерием создания эффективного государства.

В этой связи введение нового института уполномоченного по этике направлено на предупреждение коррупции, минимизации рисков связанных с конфликтом интересов и является профилактической мерой этических правонарушений на государственной службе.

Основная задача уполномоченного по этике — обеспечение соблюдения норм служебной этики государственными служащими и профилактика нарушений законодательства в сферах государственной службы, противодействия коррупции и Этического кодекса.

Уполномоченные по этике на постоянной основе проводят с государственными служащими разъяснительную работу по вопросам соблюдения норм служебной этики, установленных действующим законодательством ограничений и запретов.

В функции уполномоченного по этике также входят вопросы оказания консультативной помощи государственным служащим, гражданам по вопросам соблюдения этических норм.

Кроме того, уполномоченные по этике рассматривают обращения физических и юридических лиц, содействует формированию культуры взаимоотношений, соответствующей общепринятым морально-этическим нормам в коллективе. В случаях нарушения прав и законных интересов государственного служащего он будет принимать меры, направленные на их защиту и восстановление.

С 2017 года в аппарате акима Карагандинской области введена освобожденная должность уполномоченного по этике. В городах и районах области функции уполномоченного по этике возложены на государственных служащих из числа руководителей, снискавших признание и уважение в коллективе.

По области осуществляют свою деятельность 21 уполномоченный по этике.

- Какие меры принимаются по профилактике этических нарушений?

- В целях реализации поставленных задач мною на постоянной основе проводится разъяснительная работа среди государственных служащих.

На сегодняшний день мною проведено более 60 различных мероприятий по разъяснению действующего законодательства.

Организованы встречи, семинары для сотрудников акиматов гг.Караганды, Шахтинска, Сарани, Балхаша, Приозерска, Темиртау, Бухар-Жырауского, Актогайского, Шетского районов.

С начала года проведено порядка 20 семинаров, лекции по разъяснению норм Этического кодекса государственных служащих. Осуществлено 11 выездов по регионам области, в том числе в сельские населенные пункты, в ходе которых проводились встречи с государственными служащими, оказывалась консультативная помощь обратившимся гражданам.

В целом, с начала года оказана индивидуальная консультативная помощь порядка 200 государственным служащим и физическим лицам. Проведено 24 личных приемов граждан, в том числе с выездом в сельские регионы.

На сегодняшний день на рассмотрение уполномоченного по этике поступили 35 обращений физических и юридических лиц с жалобой на действия государственных служащих. По итогам рассмотрения восстановлены нарушенные права и законные интересы 4-х обратившихся физических лиц.

На постоянной основе проводятся профилактические мероприятия по соблюдению госслужащими ограничений и запретов, по рациональному и эффективному использованию служебных автомашин.

Одним из направлений деятельности уполномоченного по этике является ведение мониторинга состояния морально-психологического климата в коллективах.

Не секрет, что благоприятный морально-психологический климат в коллективе, доброжелательные отношения среди коллег положительно отражаются на работе каждого государственного служащего, что в итоге повышает эффективность деятельности государственного органа. Для этой цели мною в первом полугодии текущего года проведено анонимное анкетирование среди госслужащих в местных исполнительных органах области.

Итоги анкетирования показали, что в целом, морально-психологический климат в коллективах стабильный. Госслужащие отмечают вежливость и корректность коллег, объективность непосредственных руководителей, стремление руководителей к созданию в коллективе исключительно деловых отношений, выражают свое доверие к своим непосредственным руководителям.

По итогам анонимного анкетирования подготовлены и направлены руководителям госорганов предложения, рекомендации по улучшению морально-психологического климата в коллективах.

- На ваш взгляд, какие нормы Этического кодекса чаще всего нарушаются государственными служащими?

- Чаще всего встречаются случаи нарушения общих стандартов поведения государственных служащих.

Это - несоблюдение служебной дисциплины, некачественное исполнение своих служебных обязанностей, критика со стороны общества на действия и поведение государственных служащих.

В текущем году мною проводился анализ дисциплинарной практики в местных исполнительных органах области. Итоги анализа показали, что государственные служащие чаще всего привлекались к дисциплинарной ответственности за ненадлежащее исполнение должностных обязанностей, выразившееся в несвоевременном рассмотрении обращений физических и юридических лиц, процедурных нарушений в сфере государственных закупок, при оказании госуслуг и т.д.

В этой связи принимаются меры по повышению качества проводимых мероприятий по разъяснению действующего законодательства, по обучению, повышению квалификации госслужащих на системной основе.

- Если гражданин столкнулся с неэтичным поведением со стороны государственного служащего, куда ему следует обратиться?

- В случае возникновения фактов нарушения норм служебной этики, граждане могут обратиться в письменной или устной форме к уполномоченному по этике Карагандинской области или в департамент Агентства РК по делам государственной службы и противодействию коррупции по Карагандинской области.

Помимо этого, в социальной сети «Facebook» создана страница «Уполномоченного по этике аппарата акима Карагандинской области», где можно написать о фактах нарушения служебной этики госслужащих. На официальном сайте акимата Карагандинской области опубликованы контактные данные всех уполномоченных по этике городов и районов области.

- Как можно записаться к вам на личный прием?

- Согласно утвержденному графику личный прием граждан проводится еженедельно по средам, с 16.00 по 18.00, в здании акимата области, каб.519.

При необходимости прием проводится в любой день, удобный для государственных служащих и граждан, а также беседа может проводиться по телефону. Контактные телефоны: р.т. 8 (7212) 501522 (внутр.6733), электронный адрес: s.asylbekova@karaganda-region.gov.kz.

В завершение хочу отметить, что все государственные служащие должны чувствовать большую ответственность и не допускать нарушение требований, установленных Этическим кодексом.

**Наш корр.**

# Меритократия - признание заслуг

***Каждый гражданин нашей страны хочет жить в процветающем Казахстане, чтобы государственная власть была достойной и видела граждан своей страны как заслуживающих уважения и процветания.***

Повышение благосостояния народа – основная задача государства. Об этом говорит и наш Президент: «Я думаю, что желания у нас у всех едины: благополучие страны, народа, развитие, расцвет Казахстана - через это приходят счастье и благополучие к каждому из нас».

В свою очередь успешное развитие нации и государства во многом зависит от кадров. Поэтому Казахстан перенимает международный опыт по внедрению принципов меритократии, формируя при этом собственную модель государственной службы.

Выявление принципа меритократии и источников формирования кадров государственной службы по данному принципу, является неотъемлемой частью более общей и глобальной проблемы – создания казахстанской демократической государственности, авторитетной и действенной власти в обществе.

Как известно, меритократия (букв. «власть достойных», от лат. meritus — достойный и др.греч. κράτος — власть, правление) означает следующее - система, при которой положение личности в обществе определяется исключительно ее способностями, это система раннего отбора и государственной опеки над самыми талантливыми и перспективными, вне зависимости от социального положения, для пополнения кадрового состава государственной службы.

Стоит отметить, что в международной практике меритократия рассматривается как признание заслуг, когда труд человека, государственного служащего оценивается по достоинству и открывает для него возможности для профессионального, карьерного и социального роста. При меритократии на государственную службу приходят наиболее достойные, нравственные, компетентные, талантливые и трудолюбивые люди. Это равенство возможностей для граждан является основой социальных лифтов в стране. Международные эксперты отмечают, что меритократия в самых развитых странах стала нормой корпоративной культуры и фактором организационной эффективности государственного аппарата.

Казахстанское же законодательство впервые с принятием концептуально нового Закона о государственной службе, одним из основных принципов государственной службы закрепила меритократию, которая определяется как признание личных заслуг и достижений государственного служащего, его продвижения по государственной службе в соответствии со способностями и профессиональной подготовкой.

Среди основных элементов меритократии можно выделить следующие принципы:

- поступление на государственную службу осуществляется на основании конкурса;
- оценка претендентов осуществляется по критериям их личных способностей, знаний и умений;
- одинаковое отношение ко всем государственным служащим в целях их недискриминации; равная оплата труда за выполнение равнозначной работы (оплата в зависимости от результатов работы);
- поощрение государственных служащих, достигающих эффективных результатов в своей деятельности, коррекция деятельности тех, чьи результаты не в полной мере удовлетворительны, увольнение служащих, результаты деятельности которых неудовлетворительны.

Безусловно, обеспечение и соблюдение этих принципов со стороны государства, а также действительно эффективная работа государственных служащих, будет способствовать укреплению института государственной службы, как в части качественного состава административного аппарата, так и в части поднятия престижа государственной службы.

Сегодня в области государственного управления ведется целенаправленная политика по поддержанию тех мер, которые озвучил глава государства, а именно отбор на государственную службу по принципу меритократии. Теперь впервые поступающие на госслужбу граждане начинают с низовых должностей, а для дальнейшего карьерного продвижения их по службе требуется компетентность и стаж работы.

Так, в первом полугодии 2018 года всего объявлено 626 конкурсов на занятие 1354 вакантных должностей. Победителями конкурсов стали 694 человека или 53,1%, при этом карьерное продвижение по итогам внутренних конкурсов из числа 246 победителей получили 162 госслужащих или 65,8%.

Подводя итог, хотелось бы отметить, что одна из главных проблем меритократии — отсутствие универсального способа определения «способностей» тех или иных претендентов. В данном направлении Агентством по делам государственной службы и противодействию коррупции проводится активная работа по вопросам развития компетенций и повышения потенциала служащих.

Согласно Национальному докладу о состоянии государственной службы в Республике Казахстан, который впервые был внесен Главе государства, разработана новая рамка компетенций к должностям административной государственной службы на основе лучшей зарубежной практики. Она синхронизирована с проектом Факторно-балльной шкалы и включает в себя такие компетенции, как «Системное управление», «Управление изменениями», «Стратегическое мышление», «Лидерство», «Ориентация на потребителя», «Ответственность», «Инициативность (инновационность)», «Добропорядочность» и «Стрессоустойчивость».

Новая модель компетенций будет внедрена при отборе и продвижении на государственной службе. Результаты их оценки будут учтены при формировании индивидуальных программ развития служащих.

Реализация данных подходов позволит повысить конкурентоспособность государственных служащих.

Таким образом, главное, принцип меритократии способствует и решению такой задачи как искоренение коррупции, когда при равных возможностях и справедливой оценке претендентов на государственную службу проходят действительно умные, грамотные, квалифицированные люди, чьи деловые качества являются основным «козырем» при поступлении на государственную службу.

Меритократия – это требование времени, и этот принцип является основным при поступлении на работу в государственные органы. Внедрение данного принципа означает обеспечение уверенности государственных служащих в объективной оценке их труда и заслуг на государственной службе, а также обеспечение доверия населения к государственному аппарату.

**Г.МАДИЕВОЙ,**
**главный специалист управления государственной службы Департамента Агентства Республики Казахстан по делам государственной службы и противодействию коррупции по Карагандинской области**

## *Қырағылық жолында*

# Біздің жедел уәкілдер

***Ішкі істер халықтық комиссариаты алқасының 1918 жылғы 5 қазандағы шешімімен қылмыстық іздеу құрылып, қылмыстық іздеу бөлімшелерін құру туралы ереже бекітілді. Осы уақыттан бастап, барлық мемлекеттердің полицейлік құрылымдарында болған, ресми заңды түрде жабық сипаттағы ведомстволық нормативтік құқықтық актілер деңгейінде қылмыстардың алдын алу және ашу, қылмыскерлерді іздеу, құпия көмекшілермен жұмыс және тағы басқалар бекітіле бастады.***

1920 жылдың қазан айында Қазақстанның бас милиция басқармасының жанында жедел іздеудің орталық басқармасы құрылып, барлық үлкен қалаларда қылмыстық-іздеу бөлімшелері ашылды.

Криминалдық полиция бөлімі ішкі істер органының ең негізгі, ірі құрылымдарының бірі. Жедел уәкілдердің қызметі тәуекелділікпен тығыз байланысты. Қылмыстың басым бөлігін криминалдық полиция ашатыны белгілі. Сондықтан, қойылатын талап та жоғары. Олардың міндеті - қоғамдық қауіпсіздік пен құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету, қылмыстардың алдын алу, сондай-ақ азаматтарымыздың жеке қауіпсіздігі мен заңды мүдделерін қорғау, ұйымдасқан қылмыспен, заңсыз қару-жарақ айналымымен және есірткімен күресу, сонымен қатар жоғалған азаматтар мен қашып жүрген қылмыскерлерді іздестіру, болған қылмысты ашу.

Бұл саланың қызметкерлері басқа қасиеттерімен қоса күнделікті кездесетін адамдармен сыйластық қатынас жасау, адал болу, ұрымтал сәттерде тиімді де дұрыс жол таба білу, қай кезде де жан-жақты сараланған сарапталған шешім шығара білу сияқты қасиеттерді игеруі қажет. Оларға шикі шешім шығарып, асығыстыққа жол беруге болмайды, себебі, шынайы қылмыскердің шым-шытырық шырғалаң іздері өте ұқыптылық пен тапқырлықты талап етеді. Сондай-ақ, бұл қызмет қашанда жинақылықты, жедел қимылдауды және тәуліктің кез келген уақытында оқиға орнына баруға дайын тұратын даярлықты талап етеді. Олардың қырағы қимылдарының арқасында ғана қылмыс саны азайып, қылмыстардың ашылу көрсеткіші жоғарылайды.

Осы қауіпті де игілікті қызметте кездейсоқ адам жоқ. Олар азаматтардың бостандықтары мен конституциялық құқықтарын қылмыстық қолсұғушылықтардан қорғап келеді, заман талабына сай қылмыспен күрес тәсілдері жандандырыла отырып, жедел түрде өсіп келеді.

Қазіргі таңда біздің Бұқар жырау ауданының ішкі істер басқармасының криминалдық полиция бөлімінде бөлім бастығын қосқанда жеті жедел уәкіл қызмет атқарып жүр.

Тікелей жетекші - Мақсат Исатайұлы Әшімов Егіндібұлақ ауданының тумасы. Мектеп бітірісімен әскер қатарындағы борышын атқарған. Әскер қатарынан келген соң Қарағанды мемлекеттік университетін және кейінірек Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Қарағанды жоғары мектебін бітірген жоғары білімді маман. Ішкі істер органында жиырма жылдан аса табан аудармай қызмет атқарып жүр. Қызметін жедел уәкілден бастаған білікті азамат бүгінгі күні Бұқар жырау ауданының ішкі істер бастығының бірінші орынбасары, полиция полковнигі.

**- Мақсат Исатайұлы, жұмыс нәтижелері туралы айтып өтсеңіз?**



- Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің «Бөтеннің мүлкін ұрлауға қарсы іс-қимыл жөніндегі 2018-2020 жылдарға арналған бағдарламасы» аясында биыл біздің басқарманың криминалдық полиция қызметкерлері бөтеннің мүлкін ұрлауға және бұрын жасалған қылмыстарды ашуға байланысты бірқатар маңызды іс-шаралар атқарды. Алдын алу іс-шараларының барлығы да аудандық және ауылдық әкімдіктермен келісіліп жүргізіледі. Жігіттердің арқасында көрсеткіш былтырғы жылмен салыстырғанда қазіргі таңда жоғары. Айта кететін бір жәйт, биыл үлкен резонанс туғызған Ростовка ауылында бөтеннің мүлікін имдену мақсатында кісі өлтіру оқиғасы болған еді, осы қылмыс облыстың ішкі істер департаментінің жедел уәкілдерімен біздің басқарманың жедел уәкілдерінің бірлесіп атқарған жедел жұмысының арқасында ізі суымай ашылды.

**- Қазіргі таңда аудан бойынша қандай қылмыс түрлері жиі кездеседі және алдын қалай алуға болады?**

- Бүгінгі таңда аймақтағы ең өзекті мәселе - мал ұрлығы. Себебі, аудан аумағында орналасқан алыс-жақын мал жайылымдарында шаруа қожалықтары иелерінің жайылымдағы малдарды қараусыз қалдыруы және малы жоғалған тұрғындар полиция көмегіне дер кезінде жүгінбей, жоғалтқан малдарын өз күштерімен іздеп, уақыт жоғалтады. Тұрғындар қора-жайларын ретке келтіріп, атап айтқанда, күзетті күшейтіп, малдарды түгелдей құжаттау, таңба салу шараларын толық қолға алса және мал басын ақыға немесе кезектесіп бағуға үлкен мән берсе, мал ұрлығының алдын алуға болар еді.

**- Криминалдық полиция бөлімі қызметкерлері туралы не айтасыз?**

- Криминалдық полиция қызметіне кездейсоқ адамдар бара бермейді, бұл жерде тек өз өз ісіне берілген азаматтар жұмыс жасайды. Баршаға мәлім, қылмыстық іздестіру қызметі – ішкі істер органдарының негізгі құрылымдарының бірі болып саналады. Сондықтан да жедел уәкіл - беделді мамандық болып саналады. Өйткені, олардың қатысуынсыз қылмысқа қарсы күрес жүргізу мүмкін емес. Бұл қызмет әрдайым біліктілік пен айрықша білімді қажет етеді. Бізде жас мамандарды дайындау мен олардың қалыптасуында кәнігі іздестірушілердің тәжірибеге бай өмір жолдары, тәлім-тәжірибелері маңызды рөл атқарады. Бұл бөлімді қоғам қауіпсіздігін қамтамасыз ету сынды жауапты істе табандылық танытып жүрген қызметкер, полиция капитаны Н.Жанпеисов басқарады. Қоғамымыздағы тыныштықты сақтауда, қылмыспен күресте аға жедел уәкілдер - полиция майоры А.Есмағанбетов сынды аға буыннан полиция капитаны Б.Кәкімов, полиция аға лейтенанты А.Талғатов, полиция аға лейтенанты Д.Секішев, полиция аға лейтенанты Ә.Қалиев, полиция аға лейтенанты Е.Шоқан сынды жас сақшылардың алар үлгісі көп. Әріптестер аянбай еңбектеніп, қоғам тыныштығын сақтау жолында борыш пен ар-намысты, адалдықты серік еткен жандар деп айта аламын, - дейді Мақсат Исатайұлы.

Қоғамның тыныштығы, халықтың қауіпсіздігі – аса маңызды міндет. Осынау абыройлы да аса жауапты міндет биігінен көріну жолында біздің жедел уәкілдер күш-жігерін аянбай, ел алдындағы антына адал қызмет ете берсін.

Әріптестерімізді және сала ардагерлерін 100 жылдық мерейтойымен шын жүректен құттықтай отырып, отбасыларына амандық пен саулық, бақыт, береке, жұмыстарына жетістік тілейміз!

**Ғалима ҚАЗАЛИЕВА,**
**Бұқар жырау ауданының**
**ІІБ МТАТ жетекші маманы**

# Антына адал жандар

***Биылғы жылы Ішкі істер органдарының штаб бөлімінің құрылғанына 100 жыл толады. Осыған орай, Бұқар жырау ауданының ІІБ штаб бөлімі және қызметкерлері туралы әңгімелесек дейміз.***

1918 жылғы 7-қазанда ішкі істер органында алғашқы штаб бөлімі құрылды. Штаб – ішкі істер органдарындағы бөлімдерді жедел басқару, қызметтер мен қызметкерлердің қызметін бақылау, орындаушылық және есепке алу-тіркеу тәртібін, заңдылықты нығайтуды қамтамасыз ететін құрылымдық бөлініс болып табылады. Өз қызметін ақпаратпен алмасу, кешенді іс-шараларды әзірлеу, ұсыныстар мен жобаларды әзірлеп, талдай отырып, басқа бөлімдермен бірлесіп жүзеге асырады.

Біздің ауданда Кеңес үкіметі кезінен бастап қазірге дейін құқық қорғау жолында күндіз-түні дамыл таппай, халықтың тыныштығын сақтап, өмірлерін, денсаулығын қорғау жолында аянбаған штаб бөлімінің ардагерлері Данильченко Надежда Ивановна, Миногина Екатерина Рейновна, Абдрахманов Марат Мүсаипұлы, Арбабаев Совет Төкенұлы, Шыңғыспаева Елугүл Серікқызы және осы күні Бұқар жырау ауданының ішкі істер басқармасы бастығының кадр жұмысы жөніндегі орынбасары, полиция подполковнигі Берік Талғатұлы Көпбаев, аудандық ІІБ бастығының қызмет жөніндегі орынбасары, полиция полковнигі Дәулет Қабыкенұлы Мәжитов сияқты азаматтарды атауға болады.

Қазіргі таңда ауданның ІІБ штаб бөлімінің аға инспекторы, полиция капитаны Ернияз Қайратұлы Қаманбеков басқарып отыр. Қарамағында инспектор, полиция майоры Қайырбекова Гүлден Серікқызы жұмыс жасайды.

Полиция майоры Гүлден Қайырбекова 1983 жылы Ульянов ауданының Құрама ауылында дүниеге келген. Орта мектепті бітірген соң Қарағанды мемлекеттік университетінің филология бөлімін тәмамамдап, 2008 жылы Бұқар жырау ауданының Ішкі істер басқармасының мемлекеттік тіл және ақпарат тобының инспекторы болып қызметке орналасты. Бүгінгі күні ішкі істер басқармасында қоғамдағы тыныштықты сақтауға үлес қосып жүр, штаб бөлімінің инспекторы лауазымында майор шеніне жетті.

Бала күнінен тәртіп сақшысы болуды армандаған Гүлден Серікқызы сырттай екінші жоғары білім алу мақсатында Қарағанды мемлекеттік университетіне заңгер мамандығы бойынша оқуға түсіп, оқып бітірді.

- Жастайымнан армандасам да, мұнда келгенімде алғашқы жұмыс күндерім айтарлықтай оңай болмады. Себебі, азаматтардың құқығын қорғау, қоғам тыныштығын сақтау бағытында көптеген іс-шаралар, рейд жұмыстары, оқу-жаттығулар ұйымдастырылады. Бірақ, алға қойған мақсатымды орындау үшін өзіме жүктелген міндетті мінсіз орындауға бекіндім, қызметімді абыроймен атқаруға тырыстым. Басшылық тарапынан еңбегімді бағаланып, көптеген марапатқа ие болдым.

Ішкі істер органдарына қызметке келгенде Елугүл Серікқызы Шыңғыспаевамен таныстым, полиция туралы алғашқы әсерлерімді де осы кісіден алдым. Ол өзінің мол кәсіптік тәжірибесімен үнемі бөлісе отырып, сегіз жыл бойы штаб бөлімі жұмысының қыр-сырымен таныстырып, үйретті, – деп Гүлден Серікқызы ұстазына деген ыстық ықыласын көрсетті.

Гүлденнің ғана емес, көптеген жас маманның ұстазы Елугүл Шыңғыспаева 1967 жылы Қарағанды облысының Ульянов ауданында дүниеге келген. 1984 жылы орта мектеп бітірген соң, Саран қаласындағы мұғалімдік училищеге түсіп, оны бітірген соң Доскей ауылындағы балабақшаға жұмысқа орналасып, ол жерде 1996 жылға дейін тәрбиеші болып қызмет атқарып, жүрек қалауымен Ульянов ауданының ішкі істер бөлімінің кәмелетке толмағандар істері жөніндегі инспекторы болып қызметін бастайды. Әрине, қызмет атқарып жүрген кезеңде Елугүл Серікқызы Қазақстан Республикасы ІІМ Б.Бейсенов атындағы Қарағанды заң академиясын бітірді. 1998-2016 жылдар аралығында штаб бөлімінің аға инспекторы ретінде абыройлы қызмет атқарып, подполковник шенінде құрметті демалысқа шықты.

Әйел – отбасының ұйытқысы, тыныштықтың шырақшысы, береке-бірліктің бастауы деп жатамыз. Қызметте талапшыл, қатаң тәртіпте жұмыс істеуге еті үйренген Елугүл отбасында жүрегі нәзік, қамқор, жанашыр ана. Жолдасы Оралханов Құрманғазы Аманкелдіұлы екеуін үлгілі сақшылар жанұясы деп айтуға болады. Себебі, жолдасы Құрманғазы өмірінің 25 жылдан астамын құқық қорғау саласына арнап, бұл күнде ол да құрметті демалысқа шыққан. Бүгінде екеуі Алдияр және Рауан атты екі ұл тәрбиелеп отыр. Алдияры студент болса, Рауан мектеп оқушысы.

Ішкі істер органдары қатарында атқарған мінсіз қызметі үшін Елугүл Серікқызы бірнеше мәрте Қазақстан Республикасы ІІМ және облыстың ІІД марапаттарына ие болған.

Елугүл Серікқызы құқық қорғау саласында қызмет еткен 20 жыл ішінде өзін білгір маман ғана емес, сонымен қатар қызметке жаңадан қабылданған жас қызметкерлердің тәлімгері, ұстазы ретінде де таныта білді. Білікті басшы ретінде қарамағындағы қызметкерлерге қатаң талап қоя отырып олардың заңдылықты, әскери-қызметтік тәртіпті сақтауын қадағалап, халық арасында полиция қызметінің имиджін көтеруге өзінің мол үлесін қосты.

Бұқар жырау ауданының Ішкі істер басқармасының штаб бөлімінің қазіргі кездегі аға инспекторы, полиция капитаны Ернияз Қаманбеков те осындай қызметтік асулардан өтті. Бүгінде ол антына адал қызметкер ретінде өз айналасындағыларға үлгі.

Бала кезінен полицей болуды армандаған ауыл балаларының бірі болған Ернияз ішкі істер органдарындағы қызметін қатардағы полициядан бастады. Тұтынушылар одағының Қарағанды экономикалық университетінің заң бөлімінде жоғары білім алған соң осы ішкі істер басқармасының тергеу бөлімінің тергеушісі болып тағайындалды. Тергеу жұмысында 5 жыл бойы қызмет атқарған ол бүгінгі күні полиция капитаны, штаб бөлімінің аға инспекторы лауазымына жетті. Бүгінде осы салада қажырлы еңбек етіп, қоғамның тыныштығын қамтамасыз етуде аянбай еңбек етіп жүрген Ерниязды жас болса да өз жұмысын жақсы білетін тұлға ретінде тануымызға болады.

Осы бір қызығынан гөрі қиындығы басым мамандықты таңдап, батылдылық пен табандылықты бойына сіңірген, адалдық пен әділеттілікті ту етіп ұстаған Ернияз Қайратұлы бөлімнің қоғамдық өміріне белсене араласады. Полиция капитаны Ернияз өзінің азаматтық борышын адал атқарып, тапжылмай қажырлы еңбек етуімен көп жандарға үлгі бола алатын қызметкер. Оны уақытында дұрыс шешім қабылдай алатын, табанды, өз ісінің білгір маманы деп нық сеніммен айтуға болады. Ішкі істер органындағы бұйрықтары мен нормативтік-құқықтық актілерінің талаптарын басшылыққа ала отырып, теориялық білімін тәжірибесімен ұштастырып, үнемі izденуден жалықпайды. Білікті басшы ретінде қарамағындағы қызметкерлерге қатаң талап қоя отырып олардың заңдылықты, әскери-қызметтік тәртіпті сақтауын қадағалайды.

- Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев «Ел азаматтары полиция қызметкерлерін өздерінің қорғаушысы ретінде танып, өз қауіпсіздіктерін сезінуі тиіс» деп атап өткен болатын. Бұл әрбір полиция қызметкеріне үлкен жауапкершілікті жүктейді, Отан алдында берген антымызға берік болу, ел мүддесі жолында адал қызмет ету біздің басты мақсатымыз, - дейді Ернияз Қайратұлы.

Қызметте талапшыл, қатаң тәртіпте жұмыс істеуге еті үйренген Ернияз отбасында қамқор әке. Жұбайы Анар екеуі бүгінгі күні Бекнияз есімді бүлдіршінді тәрбиелеп отыр.

Кешегісі мен бүгіні ұштасқан штаб бөлімінде осындай мамандар қызмет етуде. Штаб бөлімінің мерейтойына орай, сіздердің алдағы қиын да қызықты қызметтеріңізде жұлдыздарыңыз жарқырап, биік белестерден көріне берулеріңізге тілектеспіз. Отбасыларыңызға амандық, бақыт, береке тілейміз.

**Өз тілшімізден**

# Ізгі жандармен жылы кездесу

***Қартайған шағында немере қызығын көремін деген тілеуқор ата-анасын масыл көріп, сыртқа теуіп жататындар саны жыл сайын көбеюде. Сондай тағдыр талқысына түскен қарттарға пана болып отырған Ғ.Мұстафин кентінде орналасқан «Жеке меншік үйі» көптің көзіне түсетін орталықта орналасқан. Хош иісті гүлдері мен таза ауласы ерекше ұқыптылықты аңғартатын бұл үйді қарттар үйі деп атауға ауыз бармайды. Себебі, бұл - достық үйі.***

Өмір жолында талай ауыртпашылықты өткеріп, сый-құрметке бөленер шағында далада қалған бұл үйдегі әр қарияның тағдырға айтар өкпесі жоқ. Өйткені, олар бүгінгі күнге шүкіршілік айтуға үйренген жандар. Алыстан көзге ыстық басылатын бұл шаңырақтың табалдырығын аттаған сәттен-ақ жылылық пен мейірімділік сезіледі. Әдемі суреттермен безендірілген қабырғалар, гүлге толы бөлмелер, дастархан толы тәтті-дәмділер үйдегі бірліктің белгісі. Бір-бірін қолдап-қолпаштап отыратын қариялар өздерінің төл мерекесін асыға күтеді. Оған себеп, бұл күні оларды құттықтаушылар көп. Солардың бірі аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі басшысының орынбасары Гүлжан Абжанова, әлеуметтік көмек секторының бас маманы Қарлығаш Накипова, үйдегі әлеуметтік көмек бөлімінің меңгерушілері Галина Кедич, Динара Жанибекова қарияларды мерекелерімен құттықтап, тәтті-дәмділерін табыстады.

- Бүгінгі төл мерекелеріңізбен аудан басшысы Ш.Мамалиновтың атынан құттықтаймыз. Ең бастысы - зор денсаулық тілейміз. Әрқашанда жарқын әрі жайдары болып жүре беріңіздер. Көңілдеріңіз қартаймасын,- деген ізгі тілегін арнады Г.Абжанова.

Мерекеде өздерін құттықтап келушілердің баршасына алғыстарын жолдаған қариялар ізгі тілектерін арнап жатты. Ал, Надежда Алексеева қарияларға жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінен келіп отырған әріптестерімен өткен күндер естеліктерінен әңгіме айтып берді.

- Бұл шаңырақты мекен етушілердің көбісінің балалары



бар. Әрқайсы мерекеде жақындарынан қоңырау күтеді. Әттегені, ешқайсы хабарласпаған ата-анасының хал-жағдайын білмейтіндігінде. «Жұмақтың кілті ананың аяғының астында» дейді, ал аналарымыз осы жерді мекен етіп отырғанда қандай жұмақ жайлы әңгіме болуы керек,- деп күйінеді Надежда Алексеева.

Жанарында мұңы, жүрегінде шері бар жандарға демеу болып, олардың әрқайсын жеке дара түсініп бағатын Надежда Алексееваны қариялар ерекше жақсы көретіндіктерін айтады.

Ай сайын түсетін зейнетақыларына күн көріп отырған қариялардың тамақтары тоқ, үйлері жылы. Тіпті үй сыртындағы кішкене аулаға қызанақ отырғызып, жақсы өнім алған қариялар қысқы азықтарын әзірлеп те қойыпты. Қарияларымыз ішіндегі белсенді апамыздың бірі Зоя әжей көрінеді. Ол кісіні көбісі «бақылаушы», «староста» деп те атайды екен.

- Осы үйді панала отырған баршамыз өмірде жолымыз болды деп есептейміз. Себебі, елімізде мүшкіл халде тұрып жатқан қариялардың көп екендігін білеміз. Бізді күнде әлеуметтік қызметкерлер келіп жуындырып, күнделікті киімдерімізді, төсек-орнымызды ауыстырып отырады. Тамағымыз тоқ. Бос уақытымызда тәтті-дәмділер пісіреміз, кітап, журналдар оқимыз, дойбы ойнаймыз. Қандай жұмыс болмасын бірлесіп атқарамыз, сол себепті де бұл достық үйі. Бүгінгі мерекеде бізді елеп келіп жатқан барша қонақтарымызға алғыс білдіреміз,- дейді Зоя әжей.

Қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқтырмай мәпелеп өсірген ардақтысын масыл көруші перзенттердің көбеюі қоғамға «қарттар үйін» салғызды. Бұл кездесуден біз қарттар үйін емес, мейірімге толы шаңырақ иелерін көрсекте, көзімізден шықпай қалған ащы өксік жасты сезініп қайттық.

**Б.ЖАКЕШОВА**
**Д.Торжановтың суреті**

***Сенбілік***

# Тазалық ауладан басталады

***Қыркүйек айының соңғы сенбісі күні ауданымыздың барлық елдімекендерінде облыстық сенбілік өтті. Оған арнайы хабарландырылған аудандық мекеме қызметкерлері ғана емес, кәсіпкерлер мен жеке тұлғалар да ат салысты.***

Алғашқылардың қатарында өздеріне тиесілі аумақты тазалауға кірiскендердің бірі Ботақара су қожалығы мекемесінің қызметкерлері болды. Сол күнге жөндеу жұмыстары сәйкес келгендіктен небәрі үш адам өздеріне бөлінген аумақты күзгі жапырақтардан тазалап, сыпырып, көрікті керетке келтіруді мойындарына алған білім нысанының қызметкерлері жұмыстың өнімді, жапырақтардың ыңғайлы жиналуы үшін қолда бар жайманы кәдеге жаратқан. Қаптың орнына қолданылған жаймаға жапырақтарды жинау да, тасымалдау да оңай, оған қоса көлемі де қапқа қарағанда үлкен дейді.



йіпке енгізуге құлшына кіріскен. Мекеме қызметкерлерінің айтуынша, жылда жасайтын жұмыстары болғандықтан, жылдам жинастырып қайтқанды жөн көреді екен.

Ауыл тұрғындары үшін күз қауырт - отын-су түсіретін кезең. Соған қарамастан, сенбіліктің мәні мен маңызын түсініп, тазалау жұмыстарына шыққан көпшілікке риза болдық. Жинақы күйге енген кент-ауыл көшелерімен күн сайын өзіміз, балаларымыз жүретінін ойласақ, бұл ең алдымен өзіміз үшін атқарылып жатқан жұмыс.

Ұйымдасқан түрде қызу еңбекке кіріскен Ю.Гагарин атындағы орта мектеп пен шағын орталықтың қызметкерлері де біраз жұмыстың басын қайырып тастады. Мектептің айналасын

Энергетик көшесіндегі қос қабатты үйлердің жанындағы аллеяны шағын орталық ұжымы айнадай етіп, сыпырып, жағалай жиналған топырақты сыртқа шығарды. Бір өкiніштісі, көз қуанту үшін жасақталған аллеяның қос қапталындағы декоративті жарық шамдарының ілуде біреуі ғана аман. Кейбірін түбімен сындырса, енді біріне әйтеуір тас лақтырып жарамсыз еткен. Қалай дегенмен өзіміз үшін, өз қаржымызға салынған игілікке қамқорлықпен қарауды түйсіне алмай жүргеніміз өкінішті.

Шағын орталық қызметкері Баянгүл Жаукешеваның айтуынша, жүктелген аумақтағы тазалау жұмыстарына барлық ұжым болып шыққан. Қашанда қоғамдық жұмыстарға ат салысу кезінде ұстаздар қауымының белсенділігін көреміз. Бұл жолы да балалар және жасөспірімдер өнер мектебінің ұстаздары қалыптасқан дәстүрден танбай, мектептерінің айналасын әрлеуге кірісіп, ағаштардан түскен жапырақтарды жиыстырған.

Абылай хан көшесінің бойындағы бос алаңқайда «Балдәурен» бөбекжай-балабақшасының ұжымы еңбек көрігін қыздырды. Айта кету керек, сенбілік кезінде екіге бөлініп, кезектесіп шығатын ұжымның әрбір қызметкері кентімізге өзіндік пайдасын тигізуге тырысатыны алыстан көрініп тұрады. Атын атап, түсін түстемесек те, сенбілікке келіп, қолын қалтасынан алмайтын кейбір тұрғындарымызға қарағанда атаулы ұжым қызметкерлерінің еңбегі үлгі боларлықтай.

Жоғарыда айтып өткеніміздей, мемлекеттік мекемелермен қатар бұл күні жеке кәсіпкерлер де өздеріне тиесілі сауда нысандарының алдына шығып, сыпырып тазалады. Олардың қатарында «Азия» дүкені, «Апельсин» дүкендерінің иелері мен сатушыларын атап өтуге болады.

- Бұл сенбілік кентіміздің ең алдымен күзгі жапырақтардан тазалауға бағытталды. Барлық мекемелерге алдын-ала хабар таратып, соның нәтижесінде олардың барлығы шараға ат салысты. Жұмысқа жалпы 300-ге тарта адам қатысып, техникадан газон автокөлігі тартылды, - дейді Ботақара кенті әкімі аппаратының бас маманы Н.Кашкимбаев.

Аудан орталығы болғандықтан Ботақара кентінің жағдайы өзге ауылдарымызға қарағанда көш ілгері. Петровка ауылы соған дәлел. Ауыл тұрғындарының үйде пеш жағып, мал ұстайтындығы бесенеден белгілі. Ауыл ішінде жиналған күл мен қоқыс тау болып үйілсе, оған құрылыс қалдықтары да өзіндік үлес қосқан.

